

ҚҰРБАН АЙТ — ҚАСИЕТТІ МЕРЕКЕ

1-бет



М Е Р К І Т Ы Н Ы С Ы

М Е Р К Е Н С К И Й В Е С Т Н И К

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№117-118
/10499-10500/
сәрсенбі,
14 қыркүйек
2016 жыл

МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Әлем мұсылмандары Құрбан айт мерекесі күні Жаратушы Иеміздің разылығы үшін құрбандық шалып, Алланың мейірім-шапағатына бөленуге тырысып, құрбан шалу секілді ізгі амалдар арқылы мұсылман адам Раббысына жақындай түседі. Жалпы, дін мамандарының айтуына сүйенсек, «құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындау» деген мағынаны білдіреді екен.

Расул МАЛЛАБАЕВ, (сурет автордікі), "Меркі тынысы".

қажет. Енді соларға да тоқталып өтсек. Біріншіден, құрбандыққа қой, ешкі, сиыр, түйе секілді малдар (еркек-ұрғашысы бірдей) жарамды. Сонымен қатар, оның бойында малды құрбандыққа жарамсыз ететін кемшіліктер болмауы тиіс, – деп жамағатқа уағыз айта келе, сөз кезегін

Отбасы күні мерекесі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2013 жылғы 1 наурыздағы №3827 Жарлығымен бекітілген Отбасы күні (қыркүйектің екінші жексенбісі) мерекесіне арналған іс-шаралар тізбегі ауданымызда өткен аптаның бай бейсенбісінен бастау алды.

Әлихан НҰРАЛИЕВ, (суреттер автордікі), "Меркі тынысы".

ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ – ҰАТ БАҚЫТЫ

Осы жерде бірден айта кетерлік жайт, биылға дейін ауылдық округтер мен жекелеген мекемелерде ғана аталып өтіп, аудан көлемінде біріге бас қосып, мерекелеу үрдісі сырт қалғаны рас еді. Міне, осы олқылықтың бос кеңістігін толтыру идеясын ұсынған аудан әкімі Өмірбеков Мейірхан Азатұлының бастамасымен ұйымдастырылған бүгінгі мерекелік кеш аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өтті.

Иә, Алаш баласы үшін жанұя – жүрек төрі десек, отбасы – кішкене Отаны. Осы егіздейін қос құндылықтан бар өмірімізге рухани азық болар тәлім-тәрбиенің алғашқы қасиеттерін бойымызға сіңіретін әрбіріміздің азамат болып қалыптасуымыздың іргетасы да осында қаланады. Қоғам мен мемлекеттің құрамы, бет айнасы, болашағы болар әр мүшесі де осы шағын бөліктерден түлеп ұшатыны белгілі. Сондықтан барлық 14 округтен таңдалған, көпке үлгі болар «Баланың бас ұстазы» саналатын айтулы жанұя басшылары, аудан тұрғындары, аудан әкімдігінің бөлім жетекшілері мен ауылдық округ әкімдері қатысқан бүгінгі мерекенің мән-жайы да ерекше, сипаты да өзгешелігімен дараланды.

Көпшілік алдына шығып, шырайлы мерекенің шымылдығын ашқан аудан әкімі Мейірхан Азатұлының бірден назар аударып, жеткізгені:

– Құрметті халайық, әрқайсыңызға жеке бас исек те артық болмас ардақты да абзал ата-аналар! Бүгінгі Отбасы күні мерекесін ашық форматта, яғни, ресми емес, еркін әрі өзара бауырмашылдық ниетте өткізсек деген ұсынысым бар. Биыл ел Тәуелсіздігіне 25 жыл толмақ. Бұл жай құрғақ дата емес, бұл – тарих, ел тарихы. М.Шахановша айтсақ, кезінде «Кең боламыз деп, кем болған» жайымыз да болды, бодандықтың бұғауын үзген соңғы ширек ғасырда ғана оңымыз мен солымызды жазбай танып, еркіндікке самғадық. Посткеңестік көршілер «Құтты қазақ бауырлар» деп, есіктерін әркез айқара ашып ұстаса, мұхиттың арғы жағындағы кезінде ат үсті жүре амандасар «кербез құдалар» астымызға қалыңдап көрпе төсеп, қолтығымызға құс жастық ұсынар халге жеттік. Айтапмын, талай онжылдықтар тас құрсауда болған арда қазақ баласы өз тектілігін қайта оятып, оны өзгелерге еріксіз мойындата білген жемісінің көрінісі осы болды. Ал, тектілік қайдан келеді, кімнен дариды? Міне, осы тұста оған жауап та дайын. Өзгелерден ерек ететін бұл қасиет – ғасырлар бойғы тамшылап, шөміштеп жинақталған ұлтымыздың ұлылығының жалпы жинағы. Осы ізгілік атадан балаға берілген, яғни, отбасылық құндылықтарды іліп өскен әр ұл мен қыз бүгінгі егеменді еліміздің,

ортақ берекелі шаңырағымыздың көреге, уық, шаңырағын бірлесе құрап отырған жоқ па!? Сонымен, бүгінгі күн Сіздердің мереке, әрдайым қуанышты орталарыңыз көбейсін, – деп келесі сөз кезегін аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Раймонда Қайрақбаеваға ұсынды.

– «Отан – отбасынан басталады» – деген сөз бар, сондықтан отбасылық құндылықтарды дамыту керек, қазақстандық патриотизмге арқау болар негіз де осы отбасыдан басталатынын ескерсек, Елбасы бекіткен бұл мерекенің астарында үлкен мән жатыр» – деген Раймонда Қайрақбайқызы, көпшілікті Отбасы күнімен құттықтай келе, отбасылық өмірдегі кейбір кемшіл тұстар – мысалы, жас ұрпақтың көше және интернет желісіндегі жағымсыз тәрбиеге бой алдырулары, ғасыр індеті – жат діни ағымдардың жетегінде кетуі сияқты проблемалық жайттарға да тоқталды.

Мереке мінбесіне көтерілген Т.Қожакеев атындағы №39 орта мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлзира Бегімбаеваның отбасы тәрбиесіне бағытталған баяндамасы да көптің көңілінен орын алып жатты. Әсіресе, баяндамада айтылған тәрбие жұмысында мектеп пен ата-аналар қауымының бірлесе қарым-қатынаста болулары, қазақ зиялысы М.Жұмабаевтың «Тәрбиедегі мақсат – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару» деген қанатты сөзін бүгінгі күні ыңғайына қарай дөп келтіре орынды пайдалануы, мерекелік күн болғанымен, ащы шындық – ата-аналар комитеттері, ақсақалдар кеңестері, аналар кеңесі т.б. ұйымдардың жұмысында ақсаушылық факторларының көптеп кездесетінін айтып, көпке ой да сала кетті.

Сөз кезегін алған «Мерейлі Меркі» қайырымдылық қорының президенті, қоғам жанашыры Амангелді Әметқұлов қолда бар қаражаттың есебінен биыл 20 отбасына түрлі деңгейдегі көмек бергендерін айтты. Алайда, ауданымыздың белді азаматтарынан түсетін қаржының бітуіне байланысты қор жұмысы туралап қалғанын да жасырмады. Осы жерде өңгімеге араласқан аудан әкімі М.Өмірбеков өз орынбасарлары Р.Қасымов пен М.Қасымға қайырылып, 1 ай көлемінде арнайы қайырымдылық концертін



Бұл мереке Меркі жұртшылығы үшін де үлкен мереке болып саналып келеді. Қыркүйек айының 12-сі күллі мұсылман қауымы асыға күткен, ілсіз мұсылман жамағатымен жаппай атап өтілетін зор мерекеде аудандық «Меркі-Ата» мешітінің іші қариялармен қатар жас жеткіншектерімізге толып, мешіт ауласы мерекеге арналған құттықтау жазуымен сәнделіп, ұлтына, тұрмыстық жағдайына қарамай бір қатарға тұрып, айт намазына дайындалған меркіліктерді көргенде жанымызға жылу орнағаны сөзсіз.

Ағайын арасын жақындатып, аразды татуластыратын, туысқандық байланысты күшейтуге итермелейтін осы мерекеге жиналған қауым алдында сөз алған «Меркі-Ата» мешітінің бас имамы Батырбек қажы: – Жалпы, ислам дініндегі мейрамдардың барлығы мұсылман қауымын ғана емес, сонымен бірге, жер жаһандағы адамзаттың дүйім жұртын татулық пен бірлікке, сыйластық пен ауызбірлікке, кешірімге шақыратыны белгілі. Олай болса, Құрбан айт мерекесі де адамдардың бірі-біріне ізгі ниеттер тілеп, бір-бірінің көңіл-күйін көтеріп, ренжітіп алған кездері болса, кешірім жасасатын күн. Қасиетті Құран Кәрім және ислам тарихы бойынша бұл мереке мен оның шежіресі сонау адамзаттың атасы Адам (ғ.с.) ата және дәстүрлі діндердің түп атасы Ибраһим (ғ.с.) мен оның ұлы Исмайыл (ғ.с.) пайғамбарлармен тығыз байланысты. Құрбан – араб тілінде «жақындау», яғни, жасаған сауап істер арқылы жүректі

тазартып, Жаратушыға қарай жақындай түсу дегенді білдіреді. Ренжіскен кісілер қайта табысып, айт күндері татуласқаны жөн. Ауырып жатқан кісілердің көңілін сұрап, арнайы бас сұғу, жетім-жесір, мұң-мұқтаждарға қол ұшын беріп, оларға да айттың қуанышын сездіру өте сауапты істерге жатады. Бұған қоса, өке-шешесіне, отбасындағы жандарға, көрші-қолаң, жора-жолдастарына мүмкіндігінше кішігірім болса да сәлем-сауқат, сый-сияпат жасап, айт мейрамын ерекше өткізуге де болады. Осылай, бүгін мұсылман баласы адамдарды бір-бірінен алыстатпай, қайта жақындата түсуді насихаттайтын хақ дін – Ислам діні мен пайғамбарлардың ісін қайта жаңғыртады, – деді.

Бұл күннің ерекшелігі шариғат бойынша барша мұсылманға ортақ ғибадат – құрбандық шалынады. Яғни, Айт күндері құрбан шалу – ғибадат іс. Ал, құрбандық шалудағы ең маңызды жайт оны – Аллаға арнап сою. Сондықтан да, «құрбандық», – деп Құрбан айт күндерінде ғибадат ниетімен шалынатын малды айтады. Құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, тақуалығы, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ, пенденің пендешілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады.

– Тоқтала кететін жайт, кез-келген мал құрбандыққа жарай бермейді. Құрбандық ретінде шалынатын малдың бірқатар ерекшеліктері болуы

аудан әкімі Мейірхан Өмірбековке (суретте) берді.

– Құрметті жамағат, баршаңызды бүгінгі барша мұсылмандардың Құрбан айт мерекесімен құттықтаймын. Биылғы Құрбан айт мерекесі Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр. Осы 25 жылда, басқасын айтпағанда, мұсылман қауымы үшін көптеген жақсылық жасалды. Атап айтар болсақ, 1991 жылы біздің ауданда бір ғана мешіт болса биыл оның саны 24-ке жетіп отыр. Бүгінгі таңда осы 24 мешітте Құрбан айт мерекесі тойланып жатқаны баршаңызға мәлім. Осы 25 жылда Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев республикамызды дамыған, тәуелсіздігі орныққан елдердің қатарына қосып отыр. Айтатын іс көп, бірақ қорытындысында көпұлтты, ынтымағы мен бірлігі жарасқан елге айналды. Білім алуға, өңбек етуге толық мүмкіндіктер жасалды. Қазақстанды дүниежүзінің көптеген елдері таныды. Осындай игі істерді Алла ұзағынан етсін. Мен сіздерге мереке қарсаңында жанұяларыңызға амандық, береке, елімізге тыныштық пен ынтымақ тілеймін – деген Мейірхан Азатұлы, әлемде орын алып жатқан жағдайларды тілге тиек етті.

Тәуелсіздігімізбен бірге елімізге оралған ұлық мерекеде мешітке жиналған барша қауым сапқа тұрып, айт намазына бой түзеді. Сонымен қатар, мешіттің бас имамы құран оқып, жиналған көпшілікті мерекемен құттықтап, тарқасты.

(Басы. Жалғасы 2-бетте)

Отбасы күні мерекесі

ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ - ҰЛТ БАҚЫТЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

ұйымдастыруды және де қор қоржынын толықтыратын басқа да тиімді жолдарды қарастыруды тапсырды.

Келесі сөз алған белгілі аудан азаматы, былтыр өткен 44 отбасы қатысып, бақ сынаған облыстық «Мерейлі отбасы» байқауында 2 орынды иеленген жанұяның тұтқасы, білікті дәрігерлер отбасының иесі Жолдасбек Көктеубаев ағамыз, аудан халқына етене таныс Хасанбаевтар әулетінің өкілі Бахадүр бауырымыз, еңбек ардагері, байырғы ұстаз Қайнаркүл Татықұлова апамыз да отбасы мәселесі жайлы өз бай тәжірибелерімен бөлісіп, осындай ерекше басқосуды ұйымдастырған аудан әкімі М.Өмірбеков пен А.Ахметжанов басқаратын ішкі саясат бөлімі қызметкерлеріне көпшілік атынан ата-аналық алғыстарын жаудырды.

Бүгінгі басқосу жай мерекелік іс-шара емес, сонымен қатар, әр әулеттің ертеңі қалыптасып, сол арқылы мемлекет болашағы айқындалатын көп сатылы биіктерді болжайтын, сан қырлы соқпағы жетерлік басты да күрделі сала, барлық тірліктің бастауы – отбасы жайлы болғандықтан аудан әкімі Мейірхан Азатұлы арақидік сөзге араласып, ойдан ой туғыза жақындап, халықпен ашық та



Марапаттау сәтінде

жіті назарында болғаны жөн. Келеңсіз жайларға ұшыраған әр отбасының қайғы-қасіреті қоғамның көмек қолын сезінгенде ғана жеңілдей түспегі анық. Сәл цифрларға да кезек берсек, ауданымызда 2014 жылы 875 отау тігілсе, оның 18 пайызы, 2015 жылы 630 жұп қол ұстасып жаңуа құрса, оның 27

ақсақалдық институттар іс жүргізуі шарт.

Жасыратыны жоқ, көптеген жағымсыз жайттар жұмыссыздықтан, оның кері әсері отбасындағы материалдық жетіспеушілік салдарынан болып жатады. Осы ретте жастарды кәсіпке баулу ісін жөндеп қолға алар кез келді, ол үшін көсіпкерлікті насихаттап, отбасын құру мен оны нығайтуға негізделген ақпараттық-үгіт жұмыстарын және отбасының оң имиджін насихаттау жұмыстарын арттыра түсу қажет, – деді.

Келесі кезекте ауданымыздың өсіп-өркендеуі жолында абыройлы еңбек етіп қана қоймай, өнегелі ұрпақ тәрбиелеп өсіргендері үшін де шоқтықтары биік болып, Отбасы күні мерекесі қарсаңында әр ауылдық округтерден іріктелген үлгілі отбасыларын ұлықтау рәсімі өтті. Бұл орасан зор құрметке Аспарадан – Бөрменқұловтар, Жамбылдан – Қ.Жантаев, Ақтоғаннан – Ө.Медетбеков, Кеңестен – М.Төлеуішов, Андас батырдан – Хасанбаев, Сарымолдаевтан – Мырзахметовтар отбасы, Ақаралдан – Д.Жомартов, Жаңатоғаннан – А.Қарабаев пен Қ.Татықұлова, Сұраттан – Ө.Ардабеков пен Ш.Көкеновалардың, Төтіден – Қ.Есеналиев, Меркіден – Б.Мырзабаев, Рысқұловтан – Ж.Қазанбаев пен Т.Жүндібаева, Ақерменнен – Р.Құрманәлі мен Қ.Төлеуішовалар, сондай-ақ, Ойталдан – А.Шалғынбаева сияқты барлығы 14 өнегелі отбасы аудан әкімі М.Өмірбековтың жеке тапсыруымен Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарға ие болысты.



Залдан көрініс

бүкпесіз өңгіме-дүкен құрды.

– Бүгін ауданымыздың өзгеге үлгісі жетерлік озық отбасыларын жиганғын тағы бір себебі, сіздер арқылы әр жанұяның жанайқайын анық есітсек, әрі қуанышын бөлісек деген ізгі ниетіміз де бар. Мемлекетті құраушы әр жанұя жергілікті билік тарапының

пайызы қайта ажырасқан, ал, биылдың өзінде жыл соңына жетпей 332 шаңырақ көтерілгенмен, оның 30 пайызы түрлі себептермен шыдас бермей шайқалғанын біліп отырмыз. Бұл – жай цифрлар емес, бұл – трагедия. Сондықтан көп болып, айналамызға көз сала жүргеніміз абзал, отбасылық,

Общество Всеобщего Труда

Хлеб – горячий, мягкий, вкусный. Пышные булки, витые батоны, аппетитные лепешки. Без них не обходится ни одно застолье. Хлеб он к любому блюду к стати – и к парному молоку, и к наваристым борщу и сорпе. Его любят все – и взрослые, и дети, а старшее поколение, послевоенное, относится к нему с особым трепетом и подрастающее поколение этому учит.

Ольга МАЗУР, "Меркі тынысы".

ВКУСНУЙ ХЛЕБ ОТ БОТАГОЗ

Но, чтобы попасть на стол к жителям района в виде горячего и вкусного хлеба, булочек, людям надо немало потрудиться. Сначала посеять пшеницу, потом вырастить ее, собрать, обмолотить, превратить в муку, из которой, приложив немало сил и души, испечь в горячей печи вкусный хлеб, который мы все так любим.

Хлеб – главный продукт на нашем столе, он важен в жизни каждого человека. Потому то о нем так много высказываний и пословиц, народной мудрости.

Хлеб – он всему голова. И с этим согласна и Ботагоз Исаковна Дуйсебекова, которая вот уже много лет выпекает пышные булки в мини-пекарне, обеспечивая меркенцев вкусным хлебом, который в магазинах, куда Ботагоз Исаковна его поставляет, расходуется очень быстро.

Двери пекарни, расположенной во дворе ее дома, в военкомате, всегда открыты. Многие жители района привыкли покупать хлеб, выпекаемый Бо-

тагоз Дуйсебековой, непосредственно в пекарне и традиции этой не изменяют много лет. Приобретая хлеб здесь, они могут увидеть то, как он печется и купить его с пылу, с жару. И запах от него исходит такой, что его сразу же хочется отвезать.

Свою мини-пекарню Ботагоз Дуйсебекова открыла много лет тому назад. В те годы, швейная фабрика, где она работала долгое время, закрылась и она осталась без работы. Вот тогда-то и пришла ей идея – открыть мини-пекарню по выпечке хлеба. Тем более, что с хлебом в те годы было тяжело. Меркенский хлебозавод закрылся, люди стали печь хлеб на дому и мини-пекарня Ботагоз Исаковны оказалась как раз к стати. Так, потихоньку, полезный и нужный людям бизнес Ботагоз Дуйсебековой стал набирать обороты, она начала увеличивать объем выпекаемого хлеба. Это сейчас у ее мини-пекарни большая конкуренция, в те годы таких мини-пекарен было еще очень мало, и хлеб, выпекаемый ею и тогда был востребован, и

сейчас пользуется большим спросом.

И, конечно же, бизнес Ботагоз Дуйсебековой всегда был семейным. У нее трое сыновей и дочь, и все они помогали маме, поддерживали ее. Сейчас для нее большая опора в ее деле младший сын, Руслан, который является экспедитором. Все сложные вопросы по покупке качественной муки, поставке хлеба по магазинам решает он, также как и его мама, втянувшись в это благодарное дело.

Кроме того, что Ботагоз Дуйсебекова успешный предприниматель, она еще и прекрасный человек, не раз давала хлеб в долг тем семьям, которые в этом очень нуждались. И возратить деньги они могли тогда, когда появилась такая возможность. В трудные 90-е годы, когда у людей не было работы, это помогало многим семьям. До сих пор люди благодарны ей за это, считая, что она делает большое и нужное дело, обеспечивая людей вкусным хлебом. У нее он отвечает всем требованиям, получается очень вкусный, такой может испечь только человек, любящий свою работу.



Біздің міндет – халыққа қызмет

Өткен аптада аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында осы тақырыпты қамтыған Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментінің тапсырысы бойынша «Понарама» ақпараттық орталығы» қоғамдық бірлестігі мен аудан әкімдігі аппаратының бірлескен дөңгелек үстел – басқосуы болып өтті.

Әлихан НҰРАЛИЕВ, (суреттер автордікі), "Меркі тынысы".

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫМ»

Аталмыш бірлестіктің төрағасы Мұрбеков Бауыржан Жолдасбекұлы, аудан әкімдігінің аппарат басшысы Акек Ербол Базарбайұлы (**суретте**), жергілікті атқару органдары мен мемлекеттік мекемелердің басшы, мамандары, ауылдық округ әкімдері қатысқан жиынның басты мақсаты Ұлт жоспары – Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамын насихаттау, мемлекеттік аппаратты реформалау саласындағы өзгерістерді біріге талқылау, реформаның алғашқы 15 қадамының маңыздылығына мән

айтуынша, посткеңестік көршілес елдердің әрқайсында мемлекеттік аппараттың жасақталуы, оның құрылымы мен ұстаным бағыты әр түрлі деңгейде өтуде. Сондықтан арақидік ішкі әлеуметтік және саяси сілкіністердің орын алуы да кездейсоқтық емес. Ал, демократиялық жолды таңдаған біздің елімізде кәсіби мемлекеттік аппарат құрып, оны жүзеге асырудың индикаторлары жұмыс жасай бастағаны анық сезілуде. Бұл жолда пайдалы әсер коэффициенті жоғары, іскерлік қасиеттері басым азаматтарды дұрыс таңдау ғана өз



беріп, оның орындалу жоспарымен таныстыру, мемлекеттік қызметтегі жоғары адамгершілік пен рухани ар, абырой сақтау қағидаларының өзектілігіне екпін жасау сияқты кәсіби мемлекеттік аппарат құрудағы алдыңғы кезекте тұратын мәселелерді қарау болатын.

Елбасының басты кредосы – ең алдымен заңның үстемдігін қамтамасыз ету бойынша істерді атқару керектігі және сол арқылы ғана жоспарлар жемісті, реформалар табысты болатыны туралы ел Президентінің еш талассыз пайымдарына тоқталған Ербол Базарбайұлы 100 нақты қадамның көш басында тұрған 15 қадамының мемлекеттік қызметке арналуының өзі бұл басты саланың еліміз бен ұлтымыздың өсіп-өркендеуіне алғышарт екенін айтты. Сондай-ақ, кәсіби аппарат құру, мемлекеттік қызметке орналасу кезінде төменгі сатылардан бастау, еңбекақыны жұмысының нәтижесіне қарай төлеу, қызмет этикасын сақтау сынды біраз мәселелер бойынша түсіндіру жұмысын жүргізген аппарат басшысы Е.Акек облыстық қонаққа сөз кезегін ұсынды.

Бүгінгі басқосудың мән-жайы мен жоғарыда айтылған мемлекеттік қызметтер жайлы ашық пікірлердің қоғам үшін орны мен маңызын жанды өңгімеге өзек ете білген Бауыржан Жолдасбекұлы алдағы мақсаттарға қол жеткізу үшін мамандардың кәсібилігі ғана емес, сонымен қатар, олардың адамгершілік қасиеттері де жоғары тұратын тәрбиелі де саналы азаматтар легін жасақтау үрдісін сөз етті. Б.Мұрбековтың

жемісін беретіні анық. Осы бағытты ұстанымға алған еліміздің дұрыс жол таңдағаны анық.

Әрмен қарай сөз қозғаған шешен 100 нақты қадамдағы алдыңғы 15 қадамның әрбіріне жеке тоқталып, ең алдымен қызметшінің этикалық келбетін жақсартып, жемқорлыққа қарсы төзбеушілік иммунитетін қалыптастыру қажеттілігіне басымдық жасады. Сонда ғана бұқара халықтың билікке деген сенімі артпағын айтқан Б.Мұрбеков дөңгелек үстелге қатысушы көпшіліктің қоғамның бет-жүзі, айнасы екендерін әркез ұмытпауға шақырды.

Жиынды қорытындылаған аппарат басшысы Е.Акек ойға ой қосып, санаға сәуле жүгірте білген облыстық қонақ Бауыржан Жолдасбекұлының қызметіне табыс тілеп, бүгінгі кездесудің маңызды тұстарына тиісті сараптама жасады. Сондай-ақ, ел игілігі жолында аянбай қызмет ету болашаққа бастар нық сенім екеніне, және де мемлекеттік іс жүргізу аясында бабалардан қалған ұлтымыздың іс-тәжірибесін, ұлылығын орындар қолдану – замана талабы екенін айттып, жиын соңына нүкте қойды.



ЖАС АНАЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Адам баласының ажары да, бақыты да отбасынан басталады. Ал, отбасы бақыты деген не? Ол адам бойына сырттан келіп сіңетін немесе аспаннан құйылып денесіне енетін нәрсе емес, оның да көптеп шығатын тұрағы бар. Адам баласының бақыты оның үзіліссіз тәлімі мен тәрбиесінен қалыптасатын жарқын да адал

мінездеріне байланысты. Яғни, отбасының бақыты, дінгеінің мықты болуы ата-аналардың, сол отбасы мүшелерінің өз қолында

деуімізге толық болады.

Бүгінде республика көлемінде «Отбасы күні» мерекесі кеңінен мерекеленіп жатқан жайы бар. Меркі ауданында да арнайы іс-шара жоспары дайындалып, бүгінде өз деңгейінде өткізілуде. Отбасы күніне орай, аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері 11 қыркүйек күні туылған 4 жас сәбидің аналарын құттықтап, сыйлықтар беріп қайтты.

Аталған комиссия төрағасының орынбасары Раймонда

Қайрақбаева, комиссия мүшесі Назира Каймолдаева және аудандық аурухананың перзентхана қызметкерлері жаңадан босанған аналардың шаңырақтарына құт-береке, өздеріне, отбасы мүшелеріне денсаулық тілеп, мықты, әрі берік отбасы – кез-келген қоғамның дамуына, оның тұрақты болуына кепілдік беретінін жеткізді.

Расул МАЛЛАБАЕВ,
(сурет автордікі),
«Меркі тынысы».

Отбасы – шағын мемлекет



СЕМЬЯ – САМОЕ ВАЖНОЕ В ЖИЗНИ

Семья – это самое важное в жизни каждого, она – богатство человека. Семья – это и есть то, ради чего стоит просыпаться каждый день, дышать каждую секунду, много и плодотворно трудиться, делая свою жизнь и жизнь родных людей счастливее.

Ольга АКИНИНА, "Меркі тынысы".



Именно семье, отношениям родителей и детей, воспитанию учащихся в школе и была посвящена прошедшая в актовом зале СШ №1 республиканская конференция «Өз балаңа үлгі бол», в которой приняли участие родители учащихся первых классов с казахским и русским языками обучения.

Организовали и провели конференцию, постаравшись создать в зале комфортную атмосферу, психологи школы Р.Абитаева и Н.Бекжанова, предоставив слово директору школы К.Сүлейманкуловой (на снимке) и заместителю директора по воспитательной части Г.Мухаевой, которые поздравили собравшихся с Днем семьи, отметив, насколько большую роль в жизни каждого человека играет семья, и что она начинается с детей и они нуждаются в особой любви и заботе взрослых. Сказали о том, что влияние на ребенка се-

мейного воспитания очень велико. Педагоги понимают, что без согласования с семьей педагогические воздействия теряют всякую силу. Только в сочетании друг с другом они создают оптимальные условия для вхождения маленького человека в большой мир. Подростающее поколение будет таким, какой будет его семья. Признание приоритета семейного воспитания требует иных отношений семьи и дошкольного учреждения. Прежде всего, их новизна определяется понятием «взаимодействие», которое представляет собой способ организации совместной деятельности, которая и должна осуществляться постоянно.

Они отметили также то, что родители должны не только воспитывать, заботиться о своих детях, но и понимать их. Именно об этом говорили и психологи, предлагая родителям быть терпеливыми и любящими в отношении своих детей. Ведь у них не все и не сразу получается. Они говорили о видах и задачах консультативной психологической помощи семье, методах

психологической работы с родителями. О том, что даже взрослый, самодостаточный человек нуждается в суточной «дозе» любви и внимания. Это могут быть нежные прикосновения, одобрение тех или иных действий, поцелуи, разговоры по душам и пр. Когда человеку этого не хватает, он начинает чувствовать себя не нужным никому, угнетенным и даже отверженным. Живя в такой атмосфере длительное время, он впадает в состояние депрессии, выйти из которой очень сложно. Что уж можно говорить о маленьком ребенке, который оказался в подобной ситуации? Каждый родитель должен понимать, что внимательное отношение и проявление любви крайне важно для гармоничного формирования эмоционального фона ребенка и его грамотного сенсорного развития. Поэтому, каждый родитель должен воспитывать свое чадо любовью, помня о том, что от воспитания, от того, какой пример взрослый будет демонстрировать ребенку зависит то, каким он вырастет и каким человеком станет.

На интерактивной доске для собравшихся были продемонстрированы видеоролики о взаимоотношениях детей и взрослых. Кроме того, на конференции говорилось о реформировании и современных тенденциях развития системы среднего образования, преподавания уроков на трех языках и других нововведениях.

В завершении конференции, родители смогли задать руководству и психологам СШ №1 интересующие их вопросы, что также поможет им в дальнейшем воспитании детей.



Байқау

Отбасы – адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәуірі осы отбасында өтіп жатады. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын – тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. 2013 жылдан бастап, Елбасымыздың бастамасымен отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында жыл сайын үлгілі отбасыларға ерекше көңіл аудару және насихаттау жұмыстары жүргізілуде.

Расул ЮСУПҰЛЫ, (суреттер автордікі), "Меркі тынысы".

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – ЕЛ ТІРЕГІ

Биыл, отбасы күніне орай, аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен «Бақытты отбасы – ел тірегі» атты жас отбасыларының аудандық байқауы ұйымдастырылып өткізілді.

Отбасы мен неке құндылықтарын насихаттау, қазіргі жас отбасылардың мәртебесін көтеру, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа өнегелі, сапалы тәрбие беруге жағдай жасау, ұлттық салт-дәстүрімізді, туыстық байланыстарды қайта жаңғырту, дамыту және бекемдеу, жас отбасылардың қазіргі жағдайдағы белсенді әлеуметтік көзқарастарын қалыптастыру, отбасының

– сұрақ-жауап кезеңі және «Анадан қызға өнеге, өкеден ұлға аманат» – тәлім-тәрбиені көрсететін отбасындағы сахналық көрініс кезеңдерінен тұрған байқауда бірінші орынды Жамбыл ауылдық округінен қатысқан Әділхан Еркеходжаев пен Жазира Мырзахметова (жоғарғы суретте) иеленсе, екінші орынды аспаралық Төленті Әшімбеков пен Динара Жандильдаева, үшінші орынды Ақарал ауылынан қатысқан Нұрғалым Біралиев пен Әсем Жақсыбаева өзара бөліссе, ойталдық Нұржан Раимбаев пен Анна Жанұзақ «Жеңіске құштарлығы үшін» номинациясын місе тұтып, ұйымдастырушылар тарапынан арнайы дайындалған грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды (төменгі суретте).

Ұйымдастырушылар,



бұзылуы мен әлеуметтік жетімдіктің пайда болуының алдын алуға ықпал ету мақсатында ұйымдастырылған бұл байқауға ауылдық округтерден үлгілі, жарасымды, өнерлі деп танылған жас отбасылары қатысты.

«Қазақстан – 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын жүзеге асыру және жастар арасында отбасылық құндылықты кеңінен насихаттау, жас отбасыларға қолдау көрсетуді мақсат еткен байқау «Сәлемі жарасқан отбасы» – сәлемдесу кезеңі, «Өнерлі отбасы» – өнер кезеңі, «Тарихы терең қазақ елі»

қоғамның маңызды институттарының бірі ретінде әлеуметтік – жағымды әлеуеті бар жас отбасының беделін көтеру, жас отбасылардың әлеуметтік және шығармашылық бастамаларын қолдауға арналған осы сынды шаралар әлі де жалғасын табатынын жеткізді.



Дихан Қамзабекұлы (суретте) жайлы айтқанда, оның азаматтық қырларына тоқталмай кету мүмкін емес. Өйткені, бұл жігіт елуге енді келіп жатқанымен есімі ел-жұртқа белгілі және оның адами жақсы қырлары, алаға шүкір, жетерлік. Дихан алдымен өте әдемі жазады, әрі саз жазады. Мен өзім журналист-ғалым ретінде Диханның жазу шеберлігін мойындаймын. Бұл – кісіге көп оқудан, көп жазудан келмейтін, алланың даралап беретін дарыны.



Оның «Алаш және әдебиет», «Бауырнама», «Жұрт», «Он бес үй» деген кітаптары мен көптеген мақалаларын оқыдым. Содан түйгенім: әсерлі жазумен қоса, пайымы мен білімі терең екен. Қазір қолынан келсе, әркім-ақ алашшыл болғысы келеді. Ол көбіне жай сөз,

АЛАШШЫН АРДАҚ ТҰТҚАН

жадағай уәде болып шығады. Ал, Дихан - төтенше жазуды игерген, архивтік деректерді оқитын, оны талдауға шамасы жететін автор. Негізі жазудың да жазуы бар. Әркім өзінің шамасына қарай көсіледі. Бұл жігіт қойған тақырыбынан ауытқымай, ауа жайылмай, соның төңірегінде ғана тақырыбын әдемі ашады. Кең толғап, терең зерттейді. Осы жағынан Диханның жазуы, зерттеуі, білімі - қабысып жатқан дүние. Осының өзін бірнеше қырға бөлуге болар еді, бірақ менің ойымша, осылар бір-біріңсіз көңілдегідей шықпайды. «Дихан алған тақырыбын аша алмапты, болмаса жаза алмапты, жеткізе алмапты», - деген сөзді ешқандай сыншыдан естімеппін. Мен де көп дүниеге сын көзбен қараймын. Бұл жағынан келгенде, Дихан Қамзабекұлы - өз қатары ғана емес, ағалары үлгі алатындай керемет зерттеуші, публицист, ғалым.

Енді Диханның өзіне жарасатын тағы бір жақсы қырын айтқым келеді. Ол елуге жаңа келгенімен, осы Еуразия ұлттық университетінде қанша ректор болды, бөрінің тұсында проректорлық қызмет атқарды. Ал тәрбие беру, әлеуметтік жұмыс немесе идеологиялық жұмыстың қайсысы болсын – ол көппен жұмыс істеу, ол – үлкен ғалымдармен араласу, ол – қоғамда болып жатқан құбылыстарға үн қосу, студенттердің әлеуметтік мәселелерін шешу деген сөз. Оны атқара алмайтын адам бір жыл емес, бір айда сынға ұшырап қалатыны анық. Ал, бұл жігіт өзінің адамгершілігінің, іскерлігінің арқасында осы жұмысты көп жылдар керемет атқарып келеді. Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде идеология, тіл, тәрбие жөніндегі проректор болдым. Ол дегеніңіз күн сайын толастамайтын жұмыс, күніне бірнеше кездесу өткізу, бірнеше конференцияны ашып, жабу. Соның барлығында келген қонақтармен тең дәрежеде сөйлесу, елмен тіл табысу деген секілді шаруаларда қисап жоқ. Мұндайда кісі орынды жерінде дәл сөйлей алмаса, не кісінің ыңғайын таба алмаса, келген қонақ та ренжіп кетеді, университеттің де жаман аты шығады. Диханның тағы бір ерекшелігі: қазақ қоғамындағы зиялылардың үлкен-кішісін, жасы-көрісін, барлығын жақсы біледі.

Келген қонақтардың орнына қарай сөз беру, ізет көрсету керек. Орынсыз бөріне бірдей жалпақтай да беруге болмайды. Осы қасиеттерді Дихан

жақсы игерген. Университетіміздің бұрынғы ректоры Бақытжан Жарылқасынұлының кезінде де, қазіргі Ерлан Бөтташұлы кезінде де бірге жұмыс істеп жатырмыз. Екеуіне де айттым: «осы біздің Дихан Еуразия ұлттық университетінің самал соғып тұратын терезесі секілді» – деп. Егер Еуразия ұлттық университетінде Дихан сияқты ұлтын сүйетін азамат болмаса, көптеген рухани шаралар тоқырап қалар еді. Ол – көп жағдайда тілмәрсіп кетпей, орынды сөйлеп, лайықты қошемет жасайды. Артық та емес, кем де емес, ұлттық оқу орнына төн атмосфераны жасап отырған жігіт. Бұны басшыларымыз білуі керек, біледі деп те, есептеймін, лайықты бағалайды да деп ойлаймын.

Бөріміз де пендеміз ғой, отбасы деген бар, бала-шаға тәрбиесі бар, құрбы-құрдас арасындағы бедел деген болады, жігіттің бұл да бір қыры. Осы жағынан келгенде де Дихан – өте таза адам. Басшымын деп кеудесін кермейді, орынды жерде айтатын әдемі өзілдері де жетеді. Ал, енді оның отбасындағы тазалығы – ол бір ерекше қасиеті. Оның «Бауырнама», «Он бес үй» деген кітаптарын оқыған кезде, көп балалы әулеттен шыққанын білдім. Он бес үй деп отырғаны – әкесі мен шешесінен он бес ұрпақ тараған, солар он бес үй болған. Кітапты түгел оқып шықтым. Оқуға тұрарлық және үлгі қылып ұсынатын дүние екенін айтқым келеді. Әкесі де, шешесі де қарапайым шаруа адамдар. Сол үлкен ошақтан алған тамаша тәрбие әлі бұзылмай келе жатыр. Оның үстіне Гүлбайра деген жары өзіне лайықты қосылған. Ол да бір, айналайын, таза адам, жақсы жар. Біз кейде академик ағалары: Сейіт Қасқабасов, Болат Көмекөвтермен бірге оның дастарханында, үйінде боламыз, басқа жерде боламыз. Сонда Гүлбайра екеуінің үйлесімі, балаларының тәрбиесі біздер үлгі алатындай жағдайда екеніне көзіміз жетті. Отбасылық ұйысу, сыйласу кісі қызығарлықтай екен. Егер де біздің азаматтарымыз осылардай өмір сүретін болса, Дихандай қазақшыл, түрікшіл, алашшыл болса, онда қазақ халқының өзге ұлттар алдындағы мерейі ерекше болар еді деп ойлаймын. Бұл менің ғана пікірім емес. Өйткені, абыз Серік Қирабаев ағамыздан бастап бөрінің ол туралы өңгімелерін, жазғандарын, айтқандарын естіп жүрмін. Мен тек өз атымнан ғана емес, барлық ағаларының атынан, жалпы зиялы қауымының атынан айтып отырмын. Қысқасы, бұл жігіт – ұлтқа үлгі етіп көрсететін азамат.

Тағы бір ерекше тоқталатын нәрсе, алаш арысы Смағұл Садуақасұлының мәйітінің күлін Мәскеуден жеткізіп, көпшілік қайда қоярын білмей, билік жақсы шешім шығара алмай жүрген кездегі Диханның ерлігі көптеген азаматтарға үлгі болды. Оның азаматтылығымен Смағұлдың

мәйіті мұсылмандар зиратына, Аллаға шүкір, қаланың қақ ортасына қойылды. Бұған бөріміз куә болып, бата қылып, керемет риза болып қайтқанбыз.

Ол тілімен ғана, жазумен ғана шектелген алашшыл емес, іс жүзінде адал, таза екендігін көрсетті. Бұл – ерлікке төн нәрсе. Жүз жасап ғұмыр кешкен адамдардың ішінде де өмірінде осындай іс жасай алмай кеткендер де баршылық. Оның үстіне «мен сөйтіп едім, бүйтіп едім» деп бір жерде жазып, не айтып жүрген Диханды не естіген, не көрген емеспін. Болды, жасалды. Білген адам білді, білмеген кісіге реніш жоқ. Ал, түсінгендер керемет сыйлайды. Өз басым Диханды құрметтейтінім содан. Осы айтылғандардың бөрі нағыз азаматқа төн қырлар, әзірше осалдығын көрмеппін.

Пенде болғаннан кейін кімде осалдық жоқ дейсін? Ешқайсысымыз періште емеспіз. Пенде жерде жүреді, періште әуеде болады. Жер басып жүрген соң кемшіліктер кім-кімде де болады, өріне. Бір жолы Дихан Қытай еліне

конференцияға барған екен. Қайтарда ұшақ болмай әуежайда қалып қойыпты. Өзі ұша алмай жүріп, қиналып жүрген бір топ қазақ жастарын кездестіреді. Олар бұның құзырындағы студенттер болмаса да, жастарға деген қамқорлығын сол мезетте көрсетеді. Олардың қиын жағдайын Қытайдағы елшілікке, т.б. жерлерге хабарлайды. Соны шешуге сеп болады. Тіпті, солар үшін өзінің жанында жүрген ғалым бауырымен тілге келіп те қалады. Сондағысы: сен неге біздің жастарға көмек қолыңды ұсынбайсың. Сөйтсе ол жігіттің де өз басындағы мәселесі жетерлік екен. Сонымен екеуі жүз шайысып, көдімгідей сөзге келеді. Сосын біз екі жігітті табыстырайық деп бас қостық. Мен сонда Диханның біреуді кінәлап сөйлеу, оның кемшілігін деп басып айту жағынан дағдыланбаған, үйренбеген жан екеніне көз жеткіздім. Яғни, конфликтіге жоқ. Біреудің кемшілігін бетке басып айта алмайды. Жазуға салсаң да, айтуға салсаң да керемет, ал біреудің мінін айтуға, салғылауға жоқ екен ғой деп таң қалдым. Бұдан шығатын қорытынды: ол жасынан ұрыс-керістен аулақ болған, ондай кесепатқа жоламаған. Көрсен де, естісе де оны елең қылмаған, ондай қылықты бойына сіңірмеген. Міне, оның кемшілігі – осы. Мен оның Дархан деген ағасын білемін. Ол да керемет, көпшіліктен өте жақсы баға алып жүрген жігіт. Елбасынан бастап оны барлық зиялы қауым біледі. Жақсы қызметте істейді. Қызметі жағынан Дихан одан сәл төмендеу болғанымен, жақсы қырлары жағынан одан басымырақ. Інісін ағасына қарсы қойғаным емес, өріне, бірақ шындықты айту керек. Дихан – сондай тамаша өріптес.

Біз «Алаш көсемсөзі» деген кітап шығардық. Ол елдің қолына тиді, үлкен резонанс туғызды. Алаштың көсемсөзін шығарған себебіміз, олар кезінде халыққа, жұртқа керек дүниелерін мақала етіп газет беттеріне бастырды. Ал, газет дегеніміз – журналистика, оның ішіндегі публицистика. Оны қазір «көсемсөз» деп жүрміз. Алаштың тарихын, әдебиетін, өнерін зерттеушілер деректерді қайдан алады? Оны сол ескі газет беттерінен қарайды шамасы жеткендер. Шамасы жетпегендер біреудің айтқанын, жазғанын тілге тиек етеді. Сол публицистика болмаса, алаш жайлы зерттеулер қандай деңгейде болар еді? Осындай керемет дүниені, зор байлықты бізге жеткізіп отырған газет беттері емес пе?! Сондықтан алаштың көсемсөзі, одан әрі зерттелсе екен деймін. Ол кездегі жазу, көріп өзгеше болды. Олар жазғанда жағын айыратын, төгілтіп сөздің майын тамызатын. Мақалалары таза ойға құралған, бақай есептен ада, шын жүректен төгілген нағыз публицистикалық үлгі. Көдімгі қазақтың психологияға төн еді.

Алаштың көсемсөзі он томдықпен

бітпесі анық. Өйткені, олардың жазғандары өте көп. Оның үстіне бір адамның өзі бірнеше тақырыпты: тарихты да, психологияны да, әдебиетті де, публицистикалық сарында жазған. Әрі ел басқару, халықтың мәселеліні шешу секілді барлық саланы қамтыған. Сондықтан біздің журналистердің міндеті – олардың жазу машығын үлгі етерліктей етіп оқырманға жеткізу. Көсемсөздің міндетіне не кіреді, қалай төгілтіп жазуға болады деген сұрақтарға барынша жауап беру.

Мен өзімді алаштанушымын деп есептемеймін. Бар болғаны, алаштықтар көсемсөзді қалай пайдаланғанын көрсету. Дегенмен, елімізде Алаш мәселесін зерттеп жүрген жақсы ғалымдарды білемін. Оның алдыңғы қатардағыларының бірі – Дихан. Ол алаш

азаматтарының тұқым-тұқымымен де жақсы араласады. Мысалы, Қошке Кемеңгерұлы деген алаш қайраткерінің ұрпақтары – менің құдаларым. Солардың барлығы Диханды керемет қадірлейді, құрметтейді. Осында Қайырбек дейтін шөбересі жүр. Соның осында жұмысқа орналасуына қол ұшын берген осы Дихан. «Бұлақ көрсен, көзін аш» – демекші, қайырымдылық осындай-ақ болар. Ол жігіт «Ақжол» партиясынан депутаттыққа түсіпті. Билікке осындай жастар келуі керек. Себебі, олардың жаны таза, жүрегі қазақ деп соғады. Әрқашан ұлттың қамын ойлайды, бақай есебі жоқ, текті жерден шыққан азаматтар. Дихан өзі Оңтүстіктен, ал олар Омбыдан. Яғни, онда бөліну деген ұғым мүлдем жоқ. Оған тек қана адамгершілігі, білімі, тазалығы сәйкес келсе болды, «аға» деп, «іні» боп араласа береді.

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» дейді ғой халық. Бірде 80-90 жасқа келіп қалған қария оны көдімгі бір керемет ет жақын адамындай қатты сыйлап, құрметтеп жатты. Сөйтсе, кезінде сол кісінің кітабын, мақаласын алаштың ұрпағы деп шығармай қойғанда, оған араша түсіп, соның шығуына мүмкіндік жасағаны бар екен. Сондықтан ол кісі бүкіл елдің алдында тілі жеткенше мақтап, мерейін асырып отырды. Мұның бөрі мен көзіммен көрдім. Диханның алашшылдығына байланысты айтатыным осы. Ал алаштың әдебиетін докторлық диссертация етіп қорғап, монография түрінде шығарған да осы жігіт. «Алаш және әдебиет» атты кітабы – осы тақырыпта жазылған еңбектердің ішіндегі ең құндысы деп есептеймін.

Дихан – 80-90 жасқа келіп қалған ғалымның еңбегін жасаған зерттеуші. Бірақ, оған малданып, көкірек қағатын пенде емес. Ол – білгенімнен білмегенім көп, жазғанымнан жазбағаным мол деп жүрген жан. Күнделікті өкімшілік қызмет атқарып жүрген мұндай жігіттер шығармашылық пен ғалымдықты көбіне жиып қояды. Ал Дихан осы аталған екі қасиетін қызметімен бірге үйлестіріп, алып жүрсе екен деймін және де алып жүретініне сенемін. Өзі керемет сыйлайтын Серік Қирабаев, Сейіт Қасқабасов секілді ағаларындай деңгейге көтеріліп, ел-жұрты аузына тастамай айтып жүретін нағыз қазақ

Намазалы ОМАШЕВ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор,
публицист

Сұраңыз — жауап береміз

ТАҒЫ ДА ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ТУРАЛЫ

1. БЖЗҚ-дағы салымшылардың жалпы саны және зейнетақы жинақтарының сомасы бүгінде қандай?

2016 жылғы 1 тамызда шарттардың барлық түрі бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны 10,15 млн. бірліктен асты, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен жасалғаны шамамен 9,7 млн. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны – 405 713 бірлік, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша 39 мыңнан астам бірлік. Зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 6,35 трлн. теңгеден асты.

2. Аннуитет шарттар дегеніміз не?

Қолданыстағы заңнама аясында «БЖЗҚ» АҚ-дан (БЖЗҚ) зейнетақы төлемдерін «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңында (Заң) көзделген белгілі бір жағдайлар орын алған кезде алуға болады. Ең алдымен, зейнетақы төлемдерін алу құқығы БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және зейнет жасына толған тұлғаларға беріледі.

Сонымен қатар, мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленетін болса, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер зейнетақы төлемдерін алуға құқылы.

Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасау арқылы белгіленген зейнет жасынан бұрын зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар тұлғаларды бөлек атап көрсетуге болады. Зейнетақы аннуитеті шарты – сақтандыру шарты, оған сәйкес сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының сомасын беруге міндеттенеді, ал сақтандыру ұйымы сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) пайдасына өмір бойы немесе

белгілі бір уақыт кезеңінде сақтандыру төлемдерін жасауға міндеттенеді.

Заңның 31-бабының ережелеріне сай ең аз зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді қамтамасыз етуге зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде міндетті зейнетақы төлемдері есебінен зейнетақы төлемдерін алуға:

55 жасқа толған ерлер;
50 жасқа толған әйелдер (2016 жылғы 1 наурыздан бастап);
2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50,5 жасқа толған әйелдер;
2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51 жасқа толған әйелдер;
2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51,5 жасқа толған әйелдер;
2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52 жасқа толған әйелдер;
2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52,5 жасқа толған әйелдер;
2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53 жасқа толған әйелдер;
2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53,5 жасқа толған әйелдер;
2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54 жасқа толған әйелдер;
2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54,5 жасқа толған әйелдер;
2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 55 жасқа толған әйелдер құқылы.

Зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының талаптарымен анықталады, зейнетақы жинақтарын аудару туралы шешім қабылдай отырып, шартпен өте мұқият танысу қажет.

3. Шартты - жинақтаушы құрамдауыш дегеніміз не? Оның зейнетақыға әсері қандай?

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыстағы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өзгерістер, яғни, шартты-жинақтаушы құрамдауыш немесе жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары

(ЖМЗЖ) енгізіледі.

Ол үшін БЖЗҚ-да әрбір қызметкерге шартты зейнетақы шоттары ашылатын болады, қызметкердің атына жұмыс беруші өз қаражаты есебінен қызметкердің айлық табысынан 5% мөлшерінде ЖМЗЖ аударатын болады. Жаңа ЖМЗЖ артықшылығы – жұмыс беруші жарна салып отырған зейнеткер бұл құрамдауыштан зейнетақыны өмір бойына, тіптен шартты зейнетақы шотындағы қаражат таусылып қалса да алады (жинап келгенде кемінде 60 күнтізбелік ай ЖМЗЖ аударылған жағдайда).

4. Салымшы қайтыс болған жағдайда, зейнетақы жинақтары кімге, қалай және қандай көлемде мұраға қалдырылады?

Міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтарын заңнамада белгіленген тәртіппен өсиетхат бойынша да, заң бойынша да мұраға алуға болады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ережелеріне сай мұрагерлер заң бойынша кезектілік тәртібімен мұрагерлікке шақырылады. Заң бойынша мұрагер болу құқығын бірінші кезекте мұра қалдырушының балалары, сондай-ақ, оның жұбайы (зайыбы) мен ата-анасы тең үлеспен алады. Бірінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын екінші кезекте мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), сондай-ақ, оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі тең үлеспен алады. Егер бірінші және екінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын үшінші кезекте мұра қалдырушының әкесімен бірге туған ағалары мен апалары, нағашы ағалары мен нағашы апалары тең үлеспен алады. Егер бірінші, екінші және

үшінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын мұра қалдырушының алдыңғы кезектегі мұрагерлеріне жатпайтын үшінші, төртінші және бесінші туыстық дәрежесіндегі туыстары алады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен мұрагерлік құқық ресімделген және зейнетақы жинақтарын төлеуге қажет құжаттар БЖЗҚ-ға берілген соң зейнетақы жинақтары мұрагерлерге зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініште көрсетілген банк шотына аударылады.

5. Қазақстан аумағындағы шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініш беріп, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасай ала ма?

Заңның 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандырылу құқығын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар жеке басты куәландыратын құжаты (шетелдіктер үшін тұруға ықтиярхат, азаматтығы жоқ тұлғалар үшін азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі) болған кезде Қордың кез келген бөлімшесіне міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішпен бара алады. Сол жерде ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасауға болады.

Вопросы — ответы

ЕЩЕ РАЗ О ЕНПФ

1. Какова на сегодня сумма пенсионных накоплений и общее количество вкладчиков в ЕНПФ?

На 1 августа 2016 года количество индивидуальных пенсионных счетов (ИПС) вкладчиков (получателей) по всем видам договоров превысило 10,15 млн. единиц, из них за счет обязательных пенсионных взносов – порядка 9,7 млн. Количество вкладчиков по обязательным профессиональным пенсионным взносам составило 405 713 единиц, а по добровольным пенсионным взносам – более 39 тыс. единиц. Общая сумма пенсионных накоплений превысила 6,35 трлн. тенге.

2. Что такое аннуитетные договоры?

В рамках действующего законодательства получение пенсионных выплат из АО «ЕНПФ» (ЕНПФ) возможно при наступлении определенных условий, предусмотренных Законом Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» (Закон). Прежде всего, право на получение пенсионных выплат имеют лица, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ и достигшие пенсионного возраста.

Кроме того, право на пенсионные выплаты имеют инвалиды первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно.

Отдельно можно выделить категорию лиц, которые имеют право на получение пенсионных выплат раньше установленного пенсионного возраста, путем заключения договора пенсионного аннуитета со страховой организацией. Договор пенсионного аннуитета – это договор страхования, согласно которому страхователь (получатель пенсионных выплат) обязуется передать страховой организации сумму пенсионных накоплений, а страховая организация обязуется осуществлять страхо-

вые выплаты в пользу страхователя (получателя пенсионных выплат) пожизненно или в течение определенного периода времени.

При достаточности пенсионных накоплений для обеспечения выплаты не ниже размера минимальной пенсии, право на пенсионные выплаты за счет обязательных пенсионных выплат, согласно положениям статьи 31 Закона, имеют:

мужчины по достижении 55 лет;
женщины по достижении 50 лет (с 1 марта 2016 года),
с 1 января 2018 года - 50,5 года;
с 1 января 2019 года - 51 года;
с 1 января 2020 года - 51,5 года;
с 1 января 2021 года - 52 лет;
с 1 января 2022 года - 52,5 года;
с 1 января 2023 года - 53 лет;
с 1 января 2024 года - 53,5 года;
с 1 января 2025 года - 54 лет;
с 1 января 2026 года - 54,5 года;
с 1 января 2027 года - 55 лет.

Достаточность пенсионных накоплений определяется условиями договора пенсионного аннуитета со страховой организацией, с которыми надо очень внимательно ознакомиться, принимая решение о переводе пенсионных накоплений.

3. Что такое условно-накопительный компонент? Как он будет влиять на пенсию?

С 1 января 2018 года будут введены в действие изменения в действующую накопительную пенсионную систему – вводится условно-накопительный компонент или обязательные пенсионные взносы работодателя (ОПВР).

Для этого в ЕНПФ будут открыты условные пенсионные счета на каждого работника, на имя которого работодатель, за счет соб-

ственных средств, будет перечислять ОПВР, в размере 5 % от ежемесячного дохода работника. Главным преимуществом новых ОПВР является то, что пенсионер, за которого работодатель осуществлял эти взносы, будет получать пенсию из этого компонента пожизненно, даже если средства на его условном пенсионном счете будут исчерпаны (при условии перечисления ОПВР в совокупности не менее 60 календарных месяцев).

4. Кем, как и в каком объеме наследуются пенсионные накопления в случае смерти вкладчика? Нужно ли писать завещание на пенсионные деньги?

Наследование пенсионных накоплений по обязательным, обязательным профессиональным и добровольным пенсионным взносам происходит в установленном законодательством порядке: они могут наследоваться как по завещанию, так и по закону. Согласно положениям Гражданского кодекса Республики Казахстан наследники по закону призываются к наследованию в порядке очередности. Так, в первую очередь право на наследование по закону получают в равных долях дети наследодателя, а также его супруг (супруга) и родители. Если нет наследников первой очереди, право на наследование по закону во вторую очередь получают в равных долях полнородные и неполнородные братья и сестры наследодателя, а также его дедушка и бабушка как со стороны отца, так и со стороны матери. Если нет наследников первой и второй очереди, право на наследование по закону в третью очередь получают в равных долях родные дяди и тети наследодателя. Если нет наследников первой, второй и третьей очереди, право наследовать по закону получают родственники наследодателя третьей, четвертой и пятой степени родства, не относящиеся к

наследникам предшествующих очередей.

После оформления права на наследование в установленном законодательством порядке и предоставления необходимых для выплаты пенсионных накоплений документов в ЕНПФ пенсионные накопления перечисляются наследникам на банковский счет, указанный ими в заявлении о назначении пенсионных выплат.

5. Могут ли иностранные граждане и лица без гражданства, пребывающие на территории Казахстана, подать заявление об открытии индивидуального пенсионного счета за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, заключить договор о пенсионном обеспечении за счет добровольных пенсионных взносов?

В соответствии со статьей 2 Закона, иностранцы и лица без гражданства, постоянно проживающие на территории Республики Казахстан, пользуются правом на пенсионное обеспечение наравне с гражданами Республики Казахстан, если иное не предусмотрено законами и международными договорами.

Иностранцы и лица без гражданства, постоянно проживающие на территории Республики Казахстан, при наличии документа, удостоверяющего личность (для иностранца – это вид на жительство, для лица без гражданства – удостоверение лица без гражданства), могут обратиться в любое подразделение Фонда с заявлением об открытии индивидуального пенсионного счета за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов. Там же можно заключить договор о пенсионном обеспечении за счет добровольных пенсионных взносов.



Қазақ жастарына дұрыс рухани тәрбие беруіне, олардың бағытты дұрыс таңдауына, сондай-ақ, діннің тек сыртқы шарттарын ғана емес, рухани кемелдік қағидаларын, адамгершілік құндылықтарын меңгеруіне және оларға өзге діни ағымдардың зияндылығын түсіндіру жұмыстарына байланысты қоғам болып атсалысуымыз керек. Өйткені, жастар – еліміздің болашақ тірегі.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНДА ИСЛАМНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Қазіргі таңда Елбасының діни саясатын жүзеге асыру, жастар арасында дәстүрлі діни танымды қалыптастыру, қазақ жеріне ислам дінінің келуі және оның қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру жұмыстарын жаңғыртуымыз керек Ислам дінінің қазақ жеріне келіп орналасуы да өзіндік тарихи кезеңдерден тұрады:

– 751 жылы Талас шайқасы деп аталатын арабтардың түріктер мен қарақытайлар әскерін талқандауы;

– 999-1212 жылдары Қараханидтер хандығы тұсында 200 жылдай қазақ жеріндегі Ислам мемлекетінің болуы;

– 1312 жылы Алтын Орданың Исламды қабылдауы: І. Исламды қабылдаған алғашқы Алтын Орда ханы – Берке (1257-1266). Ол Бату ханның інісі еді. Жаңа хан жас кезінен мұсылмандықты қабылдады. Ол хан болған кезде Исламды мемлекеттік дін ретінде жариялады. Әйтсе де, ұлы даланың көшпенді халқы мұсылмандыққа тек Өзбек хан (1312-1342) тұсында толықтай өтті 2. Өзбек хан мен оның ұлы өз Жәнібек ханның (1342-1357) тұсы Алтын Орданың көркейіп, гүлденуінің ең жоғарғы сатысы болып саналады. Өзбек хан Исламды екінші рет Алтын Орда империясының мемлекеттік діні деп жариялады. Ол өз патшалығының аумағында мешіттер мен медреселерді көптеп салдырды;

– 1460 жылдары құрылған қазақ хандығы өзінің 400 жылдық тарихында қазақ халқының бойына мұсылман дінін берік орнатты. Демек, ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолы исламмен байланысын ешқашан да үзген емес, тіпті ислам дәстүрлеріңсіз қазақ мәдениетін елестету де мүмкін емес.

Қазіргі уақытта еліміздегі дін мәселесінің күн тәртібінде тұруына бір ғана себеп бар. Ол, сенім мен танымға байланысты. Сенім Исламда біреу, ол – барлық өлемдегі мұсылмандарға ортақ. Яғни, Аллаһ бір, құран шын, пайғамбар хаһ, ал, танымға келсек әрбір мұсылман адам болсын, халық болсын өзінің ұлттық дүниетанымдық көзқарастарымен таниды. Біздің ата-бабаларымыз да осы әдістерді қолданған.

Осы дәстүрлі діни таным дегенде – бұл қазақ халқының ғасырлар бойы өзінің болмысына сай және қалыптастырған рухани құндылық. Оның өзегінде Ислам діні жатыр. Өйткені, дін халықтың мәдени, рухани болмысы мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрін қалыптастыратын негізгі қайнар көзі.

Жалпы дінге қатысты төрт мәселе бар: діни таным, діни сана және бұларды қамтамасыз ететін діни сенім мен діни тәжірибе. Осы төртеуі де қазаққа бар. Біздің діни танымымыз фихкта Әбу Ханифа мәзһабына, діни сенімде Матуриди ақидасына және діни тәжірибеде Ясауи хәл ілімінің қабаттарына негізделген. Осы негіздерді біздің ойлау жүйемізден, дүниетанымдық қабаттарымыздан, әдет ғұрпымыздан, салт-дәстүрімізден көруге болады.

Ясауидің хәл ілімі дегеніміз – адам туралы ілім, адамның ар-ожданы, жеке тұлғаның өз жандүниесіне үңіліп, өз бойының мінін түзететін ар ілімін қалыптастыруымен ерекшеленді. Сондай-ақ, адамның кемелдікке жетуі теориялық (шариғат) және практикалық (тариқат) таныммен өлшеніп қана қоймай, оны басынан өткеріп, өзінің хәлі арқылы рухында сезініп, ол үшін адамның Жаратушыға махаббат арқылы жетуі міндетті. Қоғамдағы моральдық-этикалық нормалардың бұзылуы – иманның әлсіздігі мен нәпсінің үстемдігінің көрінісі, ал оны қалпына келтірудің негізгі жолы – махаббат. «Ғашықсыздардың иманы да, жаны да жоқ, олар – хайуан», – деген Ясауи, адамды тікелей рухани құндылықтарымен

тәрбиелеу арқылы иман нұрымен ақиқатқа жетелеу керектігін уағыздайды.

Екіншке орай, қазіргі таңда Ислам дінін, құндылықтарын насихаттауда көптеген методологиялық қайшылықтар болғандықтан көпшілік арасында дінді түсіну қиынға соғуда. Әсіресе, жастар арасында дәстүрлі діни танымынан ауытқып, дінді дәстүрден алшақтап, өз тарихы мен мәдениетін терістеу «бидғат», «ширк» деген сөздерді жиі естиміз. Діни танымды анықтайтындар, өрине, жастар. Жастар дінге бет бұрып жатса, онда мемлекет тарапынан кері ағымдардың жетегіне кетпеуінің алдын алып, дұрыс және тиісті бағыт-бағдар беру керек. Бұл тек жастар емес, тұтас ұлттың проблемасы деп қараған жөн.

Шөкәрім атамиздың сөзімен айтқанда: «Жаман тәпсір жайылып жер жүзіне, дін десе тұра қашты есті азамат» кейпінде қалмауымыз керек.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде: «Қазақ даласында ислам дінін орнықтырғандардың бірі – данышпан бабамыз Ахмет Ясауи осы жағдайларды ескере отырып, түркі жұртындағы ислам дәстүрлерін

қалыптастырды. Осы дәстүрмен, мінеки, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы өздерінің ұлттық сана-сезімдерін қалыптастырып келеді» – дей келе, халықтың мәдениеті қай бағытта дамитынын айқындайтын – осы діни таным мен діни тәжірибесі. Егерде кез-келген халық өзінің дәстүрлі діни таным мен діни тәжірибе негіздерінен ажырайтын болса, онда ол халық өзінің рухани мәдени болмысынан ажырайды. Дін мен дәстүр үндескенде ғана дін дамып, дәстүр байиды,

Түрік ғалымы, профессор Исмайыл Жақұттың: «Қожа Ахмет Ясауи болмағанда, бүгінгі түркілердің нендей дінге ие болып, қандай сопылық жолдың ізбасары болатындығын елестетудің өзі қиын», – деп жазғанындай, сопылық ілімінің арқасында түркілер бір тариқаттың жолына негізделді.

Қазақ халқының мұсылмандық діни түсінігі шешендік сөздері, діни-дастандары, мақал-мәтелдері, көшегі жыраулар поэзиясы мен би-шешендердің нақыл сөздерінің мазмұнына да көз жүгіртсек, өрине, аят-хадистерге барып тірелетініне және рухани құндылықтарымен негізделуіне күе боламыз. Қазақ даласында қиссашылдық дәстүр тамыр жайып, Кеңес өкіметі орнағанға дейін қазақтардың интеллектуалдық танымына қатты ықпал етіп келді. Ғалым Алма Қыраубаева киссаларға «Қазақ ренессансының қайнары» – деген баға берген. Мәселен, Алтын Орда кезеңінде араб, парсы мәдениетінің тасқыны түркінің төл дәстүрін, менталитетін айтарлықтай әлсіретті. Бұл кезде түркі тілі шеттетіліп, «поэзия тек парсы тілінде жазылады», «ғылым тек араб тілінде орындалады» – деген пікір қалыптасты. Сол дәуірде ең алғаш Әли есімді ақын «Жүсіп – Зылиха» қиссасын түркі тілінде жырлайды, оған басқа шайырлар үн қосып, пайғамбарлар қиссасын ана тілінде жырлауды дәстүрге айналдырды. Содан бастап, жойылуға шақ қалған түркі тілі жанданып, көркем сөз жанры қайта өрлейді. Жалпы қиссалар – адамды дін догмасына ұрынудан сақтайтын бірден-бір рухани иммунитет.

Түрік халықтары рухани мәдениетінің қалыптасу, даму тарихының көрнекті тұлғалары Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет», Сүлеймен Бақырғанидың «Ақыр заман кітабы», Ахмет Йүнекидің «Ақиқат сыйы», Бурхануддин Рабғұзидың «Қиссасул әнбия», Сейф Сарайдың «Ғулистан бит-түрки» сияқты Қарахандықтар билігі мен Алтын Орда тұсында дүниеге келген жәдігерлердің шығармалары соның жарқын дәлелі. Бұл шығармалар – қазақ поэзиясының исламдық-эстетикалық негіздері болып саналады. Ислам тарихына байланысты жырланған жыр-дастандар ұлттық әдебиетіміздің нағыз халық табиғатын танытатын маңызды шығармалары болып табылады.

Б.Әзібаеваның пікірі бойынша «Біріншісі, Ислам дінін таратушылардың іс жүзіндегі (мешіт, медресе) үгіт-насихат жүргізуі арқылы жүзеге асса, екіншісі – ақынжанды дала тұрғындарының жан-жүрегіне тасқа басылған жыр сөздермен (діни дастандар) әсер ету арқылы орындалған төрізді», сенім екі жол арқылы халықтың көкейіне қонып отырды. Әсіресе, соңғы «жол» қазақтың иманының күшеюіне қатты әсер етті. Себебі, бұл аталмыш діни дастандар, қисса, жыраулық дәстүрі қазақтың рухани суранысын қанағаттандырып қана қоймай, сонымен бірге, сырттан келген діни миссионерлерге, рухани экспанцияға да қарсы тосқын бола білді. Алайда, Кеңес үкіметі кезеңіндегі қазақ зиялылардың діни-рухани мәндегі туындылары жарық көрмей және рухани мұраларын жою, құрту

қатігездікпен іске асырылған. Дегенменде, қазақ дүниетанымындағы ислам түп тамырын жоя алмады, сол үшін ұлттық дүниетанымды сақтап қалу үшін қайта жандандыру қажет.

Сан ғасырлар бойы халық көкірегінде жатталып, біздің дәуірімізге дейін жетіп, қазақ топырағында қалыптасқан жыраулық дәстүрдің үлкен екі мектебі болған. Олар XV ғасырдан бастап, XX ғасырға, дейін Маңғыстау өңірінде «Тіл таңбалы Адайдың ақындары (Абыл Тілеуұлы, Қалнияз Шопықұлы, Нұрым Шыршығұлұлы, т.б.) және Сыр бойындағы «Сыр сүлейлері» (Асан, Бұхар, қарасақал Ерімбет, Шал ақын, Шалкиіз, Мәшһүр Жүсіп, Көрдери Әбубөкір т.б.) қазақ халқының мұсылмандық дүниетанымын таратқан тұлғалары. Дәстүрлі діннің негізгі қағидаларын ашып көрсететін Құран аяттары мен Хз, Пайғамбардың хадис құпияларынан сыр шертетін, әрі танымдық тұрғыда жазылған еңбектер де жеткілікті. Халқымыздың рухани мұрасы – дастандар мен жырлар діни құндылықтардың далалық философия мен ұлттық тәрбиенің негізіне айналып, ұлт мүддесіне қызмет етті. Хз. Пайғамбардың (с.а.с.) «Дін – насихат» – деген қағидасын еске алсақ, онда қазақ ақындары

бұл өсиетті өз деңгейінде орындаған.

Сонымен, Ислам діні негізінде пайда болған сопылық VIII ғасырда өмірге келе отырып, қазірге дейін қазақ поэзиясына өзіндік әсерін тигізіп келеді. Сыр бойындағы ақын-жырауларының сопылық поэзиясына әсері болған. Сондықтан олардың жыр-дастандарында сопылық сарындар көрініс беріп отырған. Сопылық поэзияны айта кету – біздің қазақ әдебиеттану ғылымы үшін де мәні бар. Себебі, орта ғасырдағы әдебиеттің үлкен бағыты – сопылық поэзия болып есептеледі.

Қазақ даласында пайда болған сопылық әдебиет дегеніміз адамзаттың дүниетанымын тәрбиелеу, Аллаға деген ғашықтық және ішкі-сезімді жырлау. Мұнда шартты түрде берілетін сопылық тіркестер мен символдар (нәпсі, зікір, шариғат, тариқат, ақиқат, мағрифат, мағшук, пірмұған, сұхбат, фәнефилла және т.б.) кездескенімен де, терминдер ұшыраспайды, әрі, сопылық жолға үгіттемейді, осы негізгі тіркестер мен символдық атаулардың шығарма ішінде көрініс беруі – сопылық әдебиеттің алғышарты деуге болады. Сондай-ақ, шығарма мазмұны жағынан айтылар негізгі ой астарланып, түспалданып беріледі. Оны аллегория, метафора, теңеу сияқты әдеби терминдермен байланыстыруға негіз бар. Кез келген ақындардың ойлары барынша жұмбақтала түседі. Мысалы, Шөкәрім қажының түсінігінде, Хақты көру үшін пенде зікірге мас болып, жүректі тазалау керек:

Көрем десең Жарымды, мас бол,
жүрек тазала..

Өртеп жібер барыңды, қарсы ұмтыл қазаға.
Шөкәрім қажы бұл өлеңінде Жаратушыны – Жар деп алған. Ал, Ясауи оны көбінесе, хақ атауымен берген.

Хақ жамалын құрай десаң фана болғыл,
Фана болып, хақ жамалан курдим ман-а.
Сондай-ақ, Әбубөкір Кердерінің төмендегі өлең жолдарынан байқай аламыз:

Сопылық деген ауыр жол,
Пендеге зарар етпеген,
Ұстап жүрсең төуір жол
Сопылықты іздесең
Дүние қуып кетпеген...
Оқыған көп ғалым бол.
Аллаға ғашық дос болған,
Атқан оққа төзгендей,
Шайтанменен қас болған,

Қара тастан қалың бол, – деген екен. Осыған ұқсас өлең тармақтары бірнеше ақын-жырау шығармаларында кездеседі. Өрине, жырауларының барлығы бірдей сопылық жолда болған, бірге қол беріп, зікір салған деп айта алмаймыз. Бірақта олардың жыр-дастандарында сопылық сарындар көрінісі байқалады. Қасиетті Құранның «Ниса» сүресі 103-аятында «Намаздарыңды өтегеннен кейін Алланы тұрып та, отырып та, жантайып та еске алыңдар (зікір етіндер)» делінген, осындай аяттарға байланысты ақын-жырау Ақтан Керейұлы.

Шариғат шамын жандырған,
Көлөмға көңіл қандырған.
Жамағат жиған алқалап,
Салауат айтқан Аллалап.
Зікірмен зарлап тұн қатып,
Нәпсісін шапқан балталап.
Шайтанды сеспен қашырған,
Көкөрек көзі ашылған, – деп қазақ халқының діни танымы сопылық арқылы қалыптасқандығы белгілі. Демек, сопылық танымды жоққа шығару деген сөз, бүкіл қазақ халқының дүниетанымын, тарихын, мәдениетін және діни тәжірибесін жоққа шығарумен тең болады. «Сыр сүлейлері» – деп аталатын сыр бойы ақын-жырауларының бірі болған Қарасақал Ерімбеттің: Әуелі сұра,тілім медет Хақтан,

Талайлар медет тілеп жәрдем тапқан.

Сен кімге Хақтан өзге сыйынасың,

Халық өткен бұл әлемді бар мен жоқтан, – деп жырлаған. Қазақ поэзиясында шығыстық сарындағы ақын жыраулардың ішінде Сыр өңірі жырауларының алатын орнына көптеген зерттеушілер де жоғары баға берген.

Мәселен, А.Байтұрсынұлының пікірі бойынша: «Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Дін шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған».

М.Әуезовтың: «Ол замандағы сұлу-сымбатты өнер, өлең, жыр түгелімен құдай жолына істеген мінежат сияқты жүрек қанын ағызған өлеңмен, күңіренген бөйітпен жаратқан иесіне дұға оқитын. Ол кездегі ақындық өнерінің өзі де құдайға істеген құлшылық болатын. Жақын күншығыста әдебиет өнерінің бір ұзақ дәуірі осы бөйітпен өтеді. Бұның мысалы, Физули, Қожа Хафиз, Мағари, Қожа Ахмет Яссауи, Сопы Алпар», «Қазақ ортасына Ислам дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүйі себеп

болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса ондайды ел тыңдамаған да ұқпаған, ықылас қоймайтын болған. Сондықтан мұсылманшылық дін де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген».

Өзбек ғалымы Х.Кароматовтың: «Ислам дінін қабылдаған халықтардың тарихы өзгергенімен де, Құранның мәтіні өзгермеген. Құран тексі мезгіл және мекенмен үндес жүріп, әр халық дамуының белгілі бір кезеңдерінде одан үнемді пайдаланып отырған, әрі құрани дүниелерді әдеби шығармаларға алып келген, Сондай ұлттық әдебиеттің Құран мәтінімен синтезі нәтижесінде көркем және діни-дидактикалық шығармалар жаратылған», – деп жазғанында қазақ даласында пайда болған діни қисса-дастандарды меңзеген.

Қазақ әдебиеті тарихының Х-ХІ ғасырлардағы кезеңі «Ислам дәуіріндегі әдебиет», – деп аталынады. Бұл кезеңдегі қазақ әдебиеті тарихын құрайтын ақындардың мұралары түрік халықтарына ортақ болғанымен, біздің төл әдебиетіміздің кейінгі дамуына жалғасқан исламдық дүниетанымының негіздері сол кезеңде қалыптасты. Ислами әдебиетті жүйелеуде ғалымдар төртке бөліп қарастырған: дәстүрлі ислами әдебиет, ислами астар алған әдебиет, сопылық әдебиет және сопылық астар алған әдебиет.

Мәселен, Хз. Пайғамбардың (с.ғ.с) «Құлдың жүрегі түзелмейінше, иманы түзелмек емес. Ал, тілі түзелмейінше, жүрегі түзелмейді» деген өсиеттеріне сай қазақ зиялылардың бойындағы мұсылманшылық парыздарын тілімен де, жүрегімен де насихаттағанын байқау қиын емес. Мұсылманшылықтың абзалы жүректегі иманның дүние тіршілігінде көрініс табуында екендігін жақсы түсінгендіктен Әбубөкір Кердері:

«Мұсылманшылық кімде жоқ,
тілде барда, ділде жоқ» – деп, ар тазалығына негізделген имани іліміне адал болған.

Демек, адамның ішкі жан-дүниесі сыртқы дүниенің негізі және сыртқы дененің ерекетінің қозғаушы күші болып табылады. Жаратушының негізгі талаптары – білім үйреніп, өмірдің рухани және материалдық заңдылықтарын игеру. Соның негізінде өзінді жетілдіре отырып, ақиқатты танып білу. Абай атамиздың айтқанындай: «Жүректің көзі ашылса, Хақтықтың түсер сәулесі. Іштегі кірді қашырса, адамның хикмет кеудесі», – дегендей осының бәрін орындауда білімділікті, сабырлықты, еңбексүйіштікті қамтамасыз етіп және қоғамға қызмет етуді талап етеді.

Қоғамдағы жат ағымдардың идеологиясына қарсы «Уды у қайтарады» дегендей, алдын алу жұмыстарының ең белсенді, әрі ықпалдысы – дәстүрлі рухани құндылықтарды жаңғырту керек. Жан тазалығына, артазалығына негізделген, сыртқы көріністегі емес, жүректегі иманды қасиет тұтқан ұлттық рухани құндылықтарымызға оралу, оларды кеңінен насихаттау арқылы жат ағымдардың идеологиясына тосқауыл қоюға болады.

Қазіргі таңда жастарымыздың жадында дәстүрлі діни сана мен ұлттық идеологияны қалыптастырып, діни таным мен ғылыми таным арасындағы үйлесімділік пен тепе-теңдікті жаңғырту – күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.

**Б.АЛПЫСБАЕВ,
Тараз мемлекеттік педагогикалық институты «Дінтану орталығының» бас маманы, «Жийде» қоғамдық қорының үйлестірушісі, дінтанушы.**



ӘСІРЕ ДІНШІЛДІК НЕСІМЕН ҚАУІПТІ?

Әсіре діншілдік нәліктен қауіпті және ол неден туады? Баланың қиянатшыл һәм қатігез болып өсуіне құдайсыздық қалай әсер етсе, әсіре діншілдік тәрбие де солай әсер етеді. Неге десеңіз, екеуі де сағат мятнигінің қос шеткі нүктесі сияқты бек шетін жол.

Қиянатшылдық – өзімшіл менмендіктен, яғни, «менікі жөн, өзгенікі бұрыс» деген ой жүйесінен туады. «Біз ғана тура жолдамыз» дейтін діні, жүрегі қатты төкфирші ағымның өкілдері соның мысалы. Олар атеистер тұрмақ, намазы жоқтарды кісі құрлы көрмейді. Әлем ой алыптары: «Адам бол! Ол үшін мейірімді, әділетті бол!» және «Кекшіл болма, көпшіл бол!» дегенді айтпады ма?! Хүкім шариғат бойынша мейірімді жандар Құдайдың шапағаты шеңберінде қалып, өздері де шама-шарқынша шапағат жасайды. Керісінше, қатігез пенделер шапағаттан құр қалмақ. «Құдай залымды сүймейді» дейді айқын аяттар, ал сахих хадисте: «Аллаһан ең алыс адамдар – олар жүрегі қатайғандар» делінген. Мынаған қараңыз, қазаққа «жетесіз», «жетесіздік» деген ауыр сөз бар. Ол Құдай жетекке алмаған, сол себептен шапағат бұйырмаған «бақытсыз байғұс деген мағынаны білдіреді. Кейбір жастарымыз Құдайдың емес, ғаламтордың жетегінде жүр қазір.

Жалпы дінде шектен шығушылық дүмшеліктен, көбіне иман мен тағатты айыра алмаудан туады. Иман – бір Жаратушы барына нанбақ, демек, оның аясына Құдайдың ісін, нақын танып-білу кіреді. «Алланың нұрын ала білу», «Иманды жүрекке сіңіру» дейтініміз сол. Діни тағаттың (немесе тағаттылық) жөні басқа. Ол – сыртқы ғибадат «дәрет,

Идеология саласында орын алып отырған олқылықтар, әсіресе, дін атын жамылған үлкенді-кішілі келеңсіздіктер қалың жұртшылықты алаңдатып отыр. Соңғылардың қайсібірінен де дінде шектен шығудың құлағы қылтияды. Ендеше, «Жау жоқ деме, жар астында» – демекші, шектен асушылықтың табиғаты мен онан келер кеселді жақсы білгеніміз абзал.

намаз оқу, ораза тұту, т.б.), былайша айтқанда, діни танымның үстіңгі жұқа қабыршағы. Бірақ өзалдына бір өріс болғандықтан қарапайым көпшілік

емес, әділ адамды, жақсы істерді істегенді сүйеді», «Жақсы істерді кім көп істейді, жақсы мұсылман сол» – деген аят-хадистердің ауылы алыс емес. Сол

бақытқа тағат арқылы жетеміз деп ойлайды. Құдайдың сүйікті құлы болу жолы – тағатта деп сенім артады. Жақсы амал деген тек құлшылық рәсімдері деп түсінеді. Ислам әлемін аяқтан шалып бізді діңкелетіп отырған дүмшелік табиғаты, міне, осы. Байсалдылық пен сабырдың керек емес жері жоқ, әсіресе, дінде керек. Мәселе сонда, көкірек көзіне ғана ашылатын хақиқат, түйсіктер адамға өзінің өмір тәжірибесі және көрген-білгендері арқылы келеді. Бұл аксиома. Атам қазақ «Ер адамның ақыл жасы 40-тан асқанда толысады», «Ақылды алпыстан асқаннан сұра» демей ме. Жарықтық Абайдың: «Әрбір наданның (жас адамның деп ұғыңыз – А.О.) біз тарихатқа кірдік деп жүргені біз бұзылдық дегеніменен бір болады» деген ескертуі де еріксіз ойға оралады.

Сайып келгенде, дінде шектен шығудың қай түрі де жастардың санасын улап, қоғамда жаңа сөз етілген қиянатшылдық пен қатігездіктің дәнін себеді. Шектен асушылыққа бой алдырып алсаң болды, бітті, өзінің де өзгенің де өмірі құнсыз көрінбек. Дін «ұстазы» бұйрығын ойланбай орындауға даяр зомбилер осы ортада өсіп, өнеді. Бұл жерде әлемді түршіктірген жиһад жарылыстары меңзеліп отыр. Ауғаныстан, Сирия, және Пәкістан сияқты мұсылман елдерінде адам қаны судай ағуда, лаңкестік шеңбері кеңейе түсіп, сонау Кенияда сауда орталығында 70 адам өліп, 200-і жарақат алғанына көп бола қойған жоқ. Сөйтіп, жұмыр жер бетінде тыныштық орнамай тұр өзiрге. Біреу біледі, біреу білмейді, алғашқы діни фанатиктер – харижи топтар тарих сахнасына сонау VII ғасырда шыққан. Бұл өсиеттер мен «Құдай залымды

сияқты біздің қазақ «Ар-ұяты бардың иманы бар», «Жаным – арымның садақасы», – деп білген (имани ілімді «ар-ождан ілімі» атағаны сол). «Аққа Құдай жақ» дегені, әділет – Құдайдың заңы деп білгендігі. «Қарғыс алма, алғыс ал», «Қайырымдылықтың қайыры бар», «Жетім көрсең, жебей жүр», қысқасы, «обал-сауап» жүйесі қазақтың қанына сіңген қағида болды. Демек, қазаққа құдайылық идеясы басым, Алланың нұрын ала білу және иманды жүрекке сіңіру ұлттық таным-түсініктің мәйегі болған. Сонымен қатар, «Адақанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң», «Күйесіз қазан, күнәсіз адам жоқ», – деп адаққан пенделерді кешіре де білген.

Сөз соңы, әсіре діншілдік қай тұрғыдан да залалды. «Бас жоғары жаралған, мойын төмен, қарашы, дене біткен ретімен», – деп ұлы Абай білмесе айта ма, сыртқы атрибуттерден гөрі бізге жан отын өшірмеу, ішкі сарайдың жарықтығы қымбат. Иман кемелдігі деген не, өзі? Ол үшін ғалымды азық қыл және «үш сүюді» (мейірім, әділетті болу) ұстан дейді ұстазымыз Абай. «Басты байла жолына, малың түгіл», – деп дін жолына емес, осы иманигүлге сілтеген болатын.

Хадистегі: «Дінде шектен шықпаңдар! Дінде шектен шығу құрдымға кетіреді», – деген ескертудің мәні осы арада сияқты. Міне, жас буынға да, бала тәрбиелеп отырған ата-анаға да осы ақиқатты баса айтқанымыз жөн.

Асан ОМАРОВ,
ҚР Дін істері агенттігі жанындағы
«Дін мәселелерін зерттеу және
талдау орталығының» жетекші
ғылыми қызметкері

ҚАҰЫРЫМДЫЛЫҚ ІЗГІ ІС

Жастар – болашағымыз. Сондықтан, жас жеткіншектерге әрқашан қамқорлық танытып, олардың толыққанды тұлға болып қалыптасуына көмектесу – біздің міндетіміз. Жыл сайын ұйымдастырылатын дәстүрлі «Қамқорлық» республикалық акциясының негізгі мақсаты да осы.



аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды қолдау мақсатында сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді.

Қ а й ы р ы м д ы л ы қ қорының ұйымдастыруымен



Гранитогор санаториялық мектеп - интернатының ұжымы аталмыш акция аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардың балаларын киімдермен, оқу құралдарымен қамтамасыз етуде өз үлестерін қосты.

Акция барысында мектепшілік бұйрық шығарылып, жоспар құрылды. Жайсыз отбасыларға рейдтік іс-шаралар жүргізіліп, жетім және асыраушысынан айырылған,

жиналған қаржыға 52 оқушыға аяқ киім, жылы киімдер, оқу құралдары табыс етілді (**суретте**). Балғын балалар өздері сұраныс жасаған барлық киімдерімен және оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп, дән риза болысты.

Л.МҰСТАФАЕВА,
Гранитогор санаториялық
мектеп интернатының
әлеуметтік педагогы

Советы специалиста

БОТУЛИЗМ

Что такое ботулизм и причины его возникновения. Ботулизм является одним из наиболее тяжелых заболеваний. Микробы ботулизма являются строгими анаэробами, т.е. размножаются и продуцируют токсин в бескислородных условиях: внутри больших кусков рыбы, ветчины, колбасы, в герметически закрытых консервах.

Присутствие ботулотоксина в пищевых продуктах не изменяет их вкусовых свойств. Микроорганизм вырабатывает специфический токсин, который вызывает заболевание и является одним из наиболее сильных ядов среди других токсинов и химических веществ.

Как можно заболеть ботулизмом?

Чаще всего ботулизм развивается при употреблении в пищу консервов (овощных, мясных, грибных, рыбных). Наибольшую опасность представляют продукты, загрязненные почвой.

Токсин может проникнуть в организм не только через пищеварительный тракт, но и через дыхательные пути при вдыхании пыли.

Признаки ботулизма.

Первые признаки болезни могут появиться уже через 2 часа после заражения (инкубационный период, т.е. время от момента заражения до первых признаков заболевания, от 2 часов до 10 дней, чаще – 12-24 часа). При этом, чем инкубационный период короче, тем тяжелее будет протекать заболевание. Вначале появляется слабость, головная боль, головокружение, плохое самочувствие, температура нормальная, или слегка повышенная. Начинаются резкие схваткообразные боли в животе, тошнота, рвота, жидкий стул. Эти явления через сутки сменяются сухостью во рту, запорами и вздутием живота. Несколько позже появляются расстройства зрения: больные видят неотчетливо (неред-

ко отмечается двоение предметов), не могут читать. Наблюдается опущение век, сглаживание носогубных складок и морщин из-за пареза (неполного паралича) мышц лица. При прогрессировании болезни нарушается глотание, появляется охриплость голоса, затем голос может совсем пропадать. В тяжелых случаях наступает расстройство дыхания и гибель больного от удушья или от остановки сердца.

Профилактика ботулизма в домашних условиях.

В домашних условиях следует соблюдать следующие правила:

- овощи, фрукты, ягоды и грибы должны быть хорошо отмыты от частиц земли;
- недопустимо консервировать давно снятые, испорченные овощи, фрукты, ягоды и грибы;
- рыбу после улова нужно быстро выпотрошить, промыть проточной водой и хранить в условиях холода;
- засолку грибов не следует производить в герметически закрытых банках;
- перед вскрытием банки с консервами нужно осматривать – при развитии в них возбудителя ботулизма отмечается вздутие дна и крышки банок (бомбаж).

Г.СУЛЕЙМЕНОВА,
ведущий специалист
Меркеновского районного
управления по защите
прав потребителей.

ОБА – вирусты инфекциялық ауру

Оба — сиырлар және т.б. ірі жұптұяқтылар ауыратын вирусты инфекциялық ауру. Жануарлар обасы өліттио түрінде, кілегейлі қабықтардың, әсіресе, ішек-қарынның кілегейлі қабықтарының, ісініп өліттенуі, дене қызуының көтерілуі арқылы ерекшеленетін, жіті өтетін вирустық ауру.

Ауру қоздырушысы – Rinderpest morbilli virus. Мөлшері 86-126 нм, әртүрлі формада және өлшемде полиморфты келеді. Вириондарының басым көпшілігі домалақ немесе сопақша, ал кейбірді жіпше тәрізді болады.

Оба сиырдан басқа сирек жағдайда қой, ешкі, түйе және жабайы күйсітлерде де байқалады. Бұл ауру шошқаның кейбір тұқымдарына да жұғуы мүмкін. Бұзау ересек сиырға қарағанда обаға өте бейім.

Жасырын кезеңі 3-17 күн. Ауру өдетте жіті, кейде аса жіті, жітіден төмен және үзілмелі түрде өтеді. Қой, ешкі және түйе ауыра қалған жағдайда көбінесе үзілмелі не өшкін түрінде байқалады.

Аурудың бастапқы белгісі – дене қызуының 41-42°С-қа көтерілуі. Ыстық тұрақты болып, таңертеңгі мезгілде ғана аздап төмендейді. Жем-шөп жеуі саябырлап, ішек-қарында атония байқалады, шөлдей береді, сауын малдың сүті қайтады, 2-3 күн өткенде ауыз қуысының кілегейлі қабығында ауруға төн өзгерістер байқалады. Бастапқыда қан көрнеген телімдер, кейіннен бозғылт-сарғыш дақтар пайда болады. Алғашқыда олар тығыз болып, соңынан жұмсарып, бірнеше жерінен ойылады. Ойылған жер алқызыл түсті, шеттері тегіс емес. Ауыздан шұбырып сілекей ағады. Көздің конъюнктивасы қызарып, қабықтары домбығып, көзден жас ағады. Көздің мүйіз қабығы кей жағдайда күңгірттенеді, көздің алдыңғы камерасында

эссудат жиналады. Ринит, вульвит, вагинит байқалады. Жануар бастапқы 3-4 күнде қозбалы келеді, кейіннен селқостық пайда болады. Жүні үрпиіп, бұлшық еті босаңсиды. Тамыр соғысы мен тыныс алуы жиілеп, ентік пайда болады. Жетеледі, кейбір бұлшық еттері жыбырлап, жануар тісін шықырлатып, ыңыранады.

Сиыр обасының вирусы сыртқы ортада онша төзімді емес, 60°С қыздырғанда бірнеше минутта, тұрғын үй температурасы жағдайында 3-4 тәулікте өледі. 20°С-та 3-6 айға дейін сақталады. Шіріген көңде тез өледі. Жаздың күні өлекседе 20-30 сағат аралығында жойылады.

Дезинфекция үшін 2% белсенді хлоры бар хлорлы әк, 2% күйдіргіш натрий, 1% формальдегид қолданылады. Бұл ерітінділердің әсерінен вирус бірнеше минут ішінде өледі.

Оба қоздырушысының бастауы рөлін денесінен вирусты нәжіс, несеп, сүт, сілекей, танау мен көзден аққан сорамен бөлініп шығаратын ауырған және ауырып жазылған малдар атқарады. Обадан өлген малдың өлекесі, ауырып жұққанда тез жазылып кететін қой, ешкі, шошқа т.б. жануарлар қоздырушысының таралуының қауіпті себепкері болады. Иттер, жыртқыш аңдар, құстар өлексемен қоректенгенде оба вирусын механикалық жолмен тасымалдаушы рөлін атқарады. Қоздырушы малды күтетін адамдар, көлік, жем-шөп, су, төсеніш, арқылы

да таралуы мүмкін.

Обамен ауырған малды емдеуге тыйым салынған. Ауырған мал сойылып, өлексе өртеледі.

Алдын алу шаралары: Обаны болдырмау үшін шекаралық аймақты қатаң бақылап, ауру шығу қаупі төнген сәтте бейім жануарларды жедел егу керек. Жануарлар обасы шыға қалған кезде елді мекенге карантин қойылып, малдың қай түлігі болмасын ол жерден әкетуге тыйым салынады. Сонымен қатар, ол жерден жем, мал өнімдері алынбайды, тері дайындалмайды, адамдардың келіп-кетуіне, көлік қатынасына рұқсат етілмейді. Тәулік бойы кезекшілік бекітілген күзет қойылады. Барлық сиыр малын қолда ұстап бағады. Ортақ суаттан суаруға тыйым салынады. Күн сайын термометрия жүргізіп, температурасы барын оқшаулап, 2-3 күнде ыстығы қайтпаса сойып, терісімен қоса өртейді. Күн сайын қораны тазалап, дезинфекциялайды.

Ауру шыққан жердегі барлық сиыр малын бір мезгілде обаға қарсы егеді. 10 күн өткен соң жайылымға шығарады. Ауру мал тұрған қораны әктеп, кемінде 4 күнге жауып тастайды. Карантин соңғы ауырған малды жойғаннан соң 21 күннен кейін алынады. Ол жерден мал әкетуге карантин алынғаннан кейін 5 айға шектеу қойылады. Бұл мерзім өткенде шеттен обаға бейім малды әкелуге рұқсат етіледі. Әкелінетін мал обаға қарсы алдын-ала егілуге тиіс.

Ө.АЛТЫБАЕВ,
аудан әкімдігі
ветеринария бөлімінің
басшысы.

Маман кеңесі

Ауданішілік бағыттарға жолаушылар мен багаждарды тұрақты түрде тасымалдау қызметін көрсетуге конкурс жарияланады

1. Жамбыл облысы, Меркі ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі 2016 жылдың 11 қазанында маршруттарға қызмет көрсету құқығына және жолаушылар мен багаждарға қызмет көрсетуге конкурс өтетінін жариялайды. Конкурс өту мекен-жайы: Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Исмаилов көшесі №169, №20 бөлме.

2. Конкурс бағытына төмендегідей пакеттер (маршруттар) қойылады:

1. «Аудан орталығы – Ойтал ауылы №5».
 2. «Меркі – Тескентоған ауылы».
 3. «Меркі – Ақермен ауылы».
 4. «Меркі – Аспара ауылы».
 5. «Жамбыл ауылы – I бөлімше №9».
 6. «Аудан орталығы – Т.Рысқұлов ауылы №8».
 7. «Меркі – Қызыл таң ауылы».
 8. «Аудан орталығы – Андас батыр ауылы».
 9. «Жамбыл ауылы – Қант зауыты №3».
3. Конкурста кез келген жеке және заңды тұлғалар, меншік нысанына қарамастан, иеленушінің өзіндік

меншік құқығында немесе өзге заңды негізде автокөлік құралдары барлар.

4. Конкурста қатысу үшін Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Исмаилов көшесі №169 үйдегі Меркі ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне жазбаша өтінім құжаттарын тапсыруы тиіс.

5. Конкурстық өтінімдерді алу және құжаттарды қабылдаудың түпкілікті мерзімі 2016 жылдың 7 қазанына дейін.

6. 10.10.2016 жылы конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселесі бойынша конкурс алдындағы конференциясын өткізеді.

7. Анықтама үшін мына байланыс телефонына хабарласыңыздар: 2-27-80 немесе электронды пошта zkhk-merke@mail.ru.

Аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі



Құттықтаймыз!

Меркі ауылының тұрғыны асыл жар, сүйікті әке **Турлугулов Мұхтар Жаңабайұлы** 15 қыркүйекте асқаралы 60 жасқа толатын мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Осындай мерейлі, қуанышты күні асқар таудай тірегіміз, шаңырағымыздың шаттығы, отбасымыздың ұйытқысы асыл әкемізге мықты денсаулық, қажымас

қайрат тілейміз. Жүрегімізден жарып шыққан бар ізгі тілектеріміз өмірдегі ең қымбатты жан әке өзіңізге арналады. Тәлім-тәрбие беріп, өсіріп, осы күнге жеткізгеніңіз үшін алдыңызда мәңгі қарыздармыз. Ұл-қыздарыңыздың, балдай тәтті немереңіздің тек қана қызығын көріңіз. Алда әлі талай асулар мен белестер бар. Қажымай-талмай сол белестерден секіріп өтіңіз. Қызыққа толы ұзақ та баянды ғұмыр кешіп, ортамызда алып бәйтерегіміз болып жүре беріңіз. Абыройыңыз асқақтай берсін. Жасыңызға жас қосылсын.

Құтты болсын қуанышты күніңіз, Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз, Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз. Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз, Алпыстың да асқарына жеттіңіз, Бала-шаға қызығына кенеліп, Енді 100-ге құлаш сермеп шығыңыз. Ортамызда аман-есен жүріңіз.

Ізгі ниетпен: жұбайы – Ғалия, қыздары-күйеу баласы – Асият-Ерлан, Саният, ұлы – Нұрсұлтан, немересі – Амирлан.

УВАЖАЕМЫЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ!

Сообщаем, что 14 сентября 2016 года, прокуратурой области, совместно с палатой предпринимателей области и другими государственными органами, в рамках Проекта по защите отечественных товаропроизводителей, проводится акция **«Защита и поддержка бизнеса на селе»**. В связи с этим, просим вас принять активное участие в данной акции.

Место и время проведения акции: **здание Меркенского районного акимата, в 15.00 часов.**

ЕСКЕ АЛУ

Сағынып, еске аламыз

Ақтоған ауылының тұрғыны болған аяулы анамыз **Бауданова Ажар** осыдан 1 жыл бұрын 14 қыркүйекте 80 жасында өмірден озды.

Шаңырағымыздың шаттығы, қуанышы, отбасымыздың ұйытқысы болған мейірімді күндей, шуағы мол асыл анамызды жүрегіміз сыздап, сағынышпен еске аламыз.

Аяулы Ана! Қанша есейіп кетсек те Сіздің орныңыз біз үшін қашанда ерекше. Амал қанша, жан жүрегіміз езіліп, өкініштен өзегіміз өртенеді. Жарқын бейнеңіз, әрбір айтқан ақылыңыз, берген

тәлім-тәрбиеңіз санамызда сақталып, жүрегімізде жатталады. Сіз өмірден кетсеңіз де біздің жүрегімізден еш өшпейсіз. Айналасына шуағын шашып жүретін жарқын мінезіңіз, мейірімді нұр жүзіңіз мәңгі жадымызда.

Әруағыңызбен демей, жебей жүріңіз. Жатқан жеріңіз жайлы, жаныңыз жәннатта, орныңыз пейіштің төрінде болсын. Әрдайым әруағыңызға құран бағыштап, сағынып, еске аламыз.

Жақсы адамның сөнбес жаққан Ошағыңның өшірмесіз отын біз, шырағы, Асыл бейнең жадымызда тұрады. Жақсы адамның суалмайды бұлағы.

Еске алушылар: Жексембиевтер әулетінен ұлдары-келіндері, қыздары-күйеу балалары, немерелері және шөберелері.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ПРЕДСКАЗАТЕЛЬНИЦА откроет дорогу на удачу, в продаже недвижимости, решит семейные, любовные проблемы, лечение алкоголизма, бесплодия. Обращаться по тел.: **87471546415.**

СЧИТАТЬ НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

договор купли-продажи домовладения с земельным участком в селе Мерке, выданный 14 июня 2013 года на имя Бектыгуловой Кулбубы Макулбековны, ИИН 671120402313, зарегистрировано в реестре за №1858, в связи с утерей.

Открылось наследство после смерти Кулбаева Киндикбая Жупбаевича, умершего 14 августа 2016 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение шести месяцев со дня открытия наследства к нотариусу М.Байдаулетову по адресу: с. Мерке, ул. Исмаилова, 224.

* * *

Открылось наследство после смерти Шмалыц Галины Лаврентьевны, умершей 23 апреля 2014 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение одного месяца после опубликования к нотариусу М.Байдаулетову по адресу: с. Мерке, ул. Исмаилова, 224.

* * *

Открылось наследство после смерти Алиевой Салтанат Асанкуловны, умершей 9 августа 2013 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение одного месяца после опубликования к нотариусу Б.Абишеву по адресу: с. Мерке, ул. Исмаилова, 173.

* * *

Открылось наследство после смерти Агезова Хейрадина Рзаевича, умершего 29 июня 2008 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение одного месяца после опубликования к нотариусу Э.Омаровой по адресу: с. Мерке, ул. Мусабекова, 1.



Өзінде бар болып, өзге мұқтаж адамдарға көмектесу екінің бірінің қолынан келмейтін іс. Дегенмен де қазіргі таңда жомарт жандар бар болғанына қуанамыз.

«Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы №9 Савва атындағы орта мектепте де қарқынды түрде ұйымдастырылып, өткізілуде. Іс-шараның жоспары құрылып, жүйелі түрде өтуіне мектеп директоры Б.Қыстауов баса назар аударып отыр. Осылайша мектебімізде қамқорлықты қажет ететін, әлеуметтік жағдайы төмен отбасының балаларына қолымыздан

КІШІЛІК ПЕН КІСІЛІК – ҰЛЫҚТЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

«Қарапайымдылық – жасыл алқап, адамгершілік ол да өскен гүл сияқты», – деп қазақ жерінен шыққан түркі тілдес халықтар ақыны Ахмет Иүгінеки айтпап па еді?! Қазіргі заманда қарапайым да, адамгершілігі мол жандар саусақпен санарлықтай десек те болады.

келген көмекті аямауға тырыстық.

«Кішіпейілдің абыройы асады, төкаппардың құты қашады» – дегендей, жаны жайсаң, жомарт, мейірімді кәсіпкерлердің арқасында аз қамтылған отбасы балаларына қолдау көрсетілді. Атап айтатын болсақ, «Мақпал» дүкенінің иесі, жеке кәсіпкерлер Р.Қыстауов 20000 теңге, Б.Музарапов 20000 теңге, С.Саржанов 15000 теңге көлемінде қолдау көрсетті. Осындай қол ұшын берген азаматтардың арқасында Шонаевтар, Абибуллаевтар, Сәтпаевтар отбасыларының балаларына мектеп формалары берілді. Қазіргі таңда да акция өз

жалғасын табуда. Бұл іс-шараға ата-аналар, мұғалімдер де өз ниеттерін білдіріп, қолдау көрсетуде. Осындай ішкі жан дүниелері кішілік пен кісілікке толы қайырымды жандарға айтар алғысымыз шексіз. Ол кісілердің отбасыларына аманшылық, жұмыстарына табыс тілеп, жаны жомарт жандарға мектеп өкімшілігі, ата-аналар, ұстаздар атынан алғыс айтамыз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», – деген осы емес пе?!

Ж.Иманбаева, А.Жүнісова, №9 Савва атындағы орта мектебіндегі әлеуметтік педагогтар



ОКАЗАЛИ ПОМОЩЬ ДЕТЯМ

Республиканская акция «Забота» направлена на оказание социальной помощи и поддержки детям из малообеспеченных, многодетных и неблагополучных семей, детям сиротам и детям оставшимся без попечения родителей.

В ходе акции, к ней с пониманием отнеслись родители и учителя СШГ №17 им. Трубицына, оказав спонсорскую помощь на приобретение школьной формы, портфелей, а также школьных принадлежностей. В связи с этим, хочется отметить классных руководителей А.Таскараеву, Н.Мурзахметову, а также спонсоров Е.Акетаева, Ж.Калмахамбетову. Забота о детях в рамках акции по

оказанию помощи продлится до 30 сентября т.г. Я надеюсь, добрые люди еще найдутся, откликнутся и не раз окажут нам помощь.

Жанель БЕГАЛИЕВА, социальный педагог СШГ №17 им. Трубицына

ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АБОНЕНТОВ ОТАУ TV

ОТАУ TV

Intelsat

KazSat-3

ПЕРЕНАСТРОЙТЕСЬ на казахстанский спутник

до 01.09.2016г

и получите гарантированный подарок!

www.otautv.kz ☎ 193, 8 (727) 2581 500 ☎ 7193

Уважаемые абоненты! Сообщаем вам, что АО «Казтелерадио» переходит на новый казахстанский спутник KazSat-3. Переход на спутник KazSat-3 предоставит зрителям смотреть дополнительные каналы, а также появится возможность просмотра HD-каналов.

В связи с этим, период перехода запланирован с мая по сентябрь 2016 года. Вам необходимо заблаговременно обратиться к монтажным бригадам, дилерам для осуществления настроек оборудования, либо самостоятельно произвести перенастройку спутникового оборудования «ОТАУ TV».

При этом, стоимость за услуги по перенастройке оборудования на спутник KazSat-3 составляет не более 2000 (двух) тысяч тенге.

В случае, если вы уже перенастроили антенну и приемное оборудование на KazSat-3 и не были подключены к подарочному просмотру платного пакета, сроком на один месяц, то вам необходимо позвонить по телефону: **8-7262-52-66-18 (круглосуточно), 8-7262-42-73-55 (9.00-18.00 ч.)**. При дозво-не по этим телефонам вам необходимо будет сообщить: номер приемника, Ф.И.О., адрес установки оборудования, ваш контактный телефон, ваш ИИН.

Полученная информация будет оперативно обработана сотрудниками и вам предоставят возможность просмотра платного пакета на один месяц.

МЕРКІ ТЫНЫСЫ

Директор – Бас редактор Әтіркүл ИСАЕВА

vestnik-merke@mail.ru

Меншік иесі:

"Меркі тынысы" - Баспасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Индекс: 080500, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ә.Ысмайылов көшесі, №349.

Телефондар: Бас редактор – 4-07-33 (факс.), бөлімдер – 4-07-35; 4-07-58; есепші – 4-07-34

Газет аралас – қазақ және орыс тілдерінде аптасына 2 рет – сәрсенбі, жұма күндері шығады. Редакция авторлардың көзқарасы үшін өзіне жауапкершілік жүктемейді. Газет ЖК ЖТО «Али ЗА» баспа орталығында басылған. Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі №36

Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы КҰӘЛІК №14047-Г Астана қаласы, 24.12.2013 жыл.

● ТАРАЛЫМЫ: 2584 дана